



№62 (19814) 7 тамыз, 2026 жыл

SEMEYtanu

ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз
августа



ЖАҢАРУ ҮШІН ДАУЫС БЕР!

1917 ЖЫЛДЫҢ 17 МАУСЫМЫНАН ЖАРЫҚ КӨРЕ БАСТАДЫ

АБАЙ ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ ■ СЕЙСЕНБІ, ЖҰМА КҮНДЕРІ ШЫҒАДЫ ■ EMAIL: INFO@SEMEYTANY.KZ

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

Облыс

КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫС - КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕР



Мақаншы

ЖАҢА ЗАУЫТ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ



«АЛАКӨЛ АЛАУЛАРЫ» МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ



Туризм

ЖАҢА ВИЗИТ-ОРТАЛЫҚ АШЫЛАДЫ



Семей

100-ГЕ ЖУЫҚ АУЛАШІЛІК ЖОЛ ЖӨНДЕЛЕДІ




АБАЙ ӨҢІРІ: ЖОБАДАН-ӨМІРГЕ

ӨНЕР ОРДАСЫНА - ЖАҢА ҒИМАРАТ

Қазақстанның рухани астанасы саналатын Семейде жаңа драма театр ғимаратын салу туралы бастама талай жылдан бері айтылып келеді. Көптен күткен бұл жоба енді нақты іске аса бастады.

Заманауи театр ғимараты Ертістің сол жағалауындағы «Заря» мөлтек ауданында салынады. Қазір оның жобалық-сметалық құжаттары әзірлену үстінде. Құрылыс жұмыстары 2026–2028 жылдарға жоспарланған.

Сәулеті мен заманауи мүмкіндіктері үйлескен жаңа театр өңірдің мәдени өміріне тың серпін беріп, Семейдің рухани келбетін одан әрі айшықтай түсері сөзсіз.




ДРАМА ТЕАТРЫ

Аумағы: 10 082 ш.м.;

Іске асыру мерзімі: 2026-2028 жж.

Мекенжайы: Семей қаласының сол жағалауындағы «Заря» ықшам ауданы



АЯГӨЗ

АҚТАМБЕРДІ ЖЫРАУҒА ЕҢСЕЛІ ЕСКЕРТКІШ ҚОЙЫЛДЫ

Кеше, 6 тамыз күні Аягөз қаласында ақын, жырау, батыр Ақтамберді Сарыұлының еңселі ескерткіші ашылды. Тағылымды шараға облыс әкімі Берік Уәли қатысты.

Осыдан он күн бұрын Аягөз ауданында Ақтамберді жыраудың 350 жылдығына орай республикалық деңгейдегі мерейтойлық іс-шаралар өткен болатын. Жаңа саябақ пен ескерткіштің ашылуы мерейтой аясындағы тарихи-рухани бастамалардың жалғасына айналды.

Ақтамберді жырау – ел басына күн туған алмағайып заманда жырымен жұртты жігерлендіріп, жорықтағы аламанға дем берген даңғайыр жырау ғана емес, есімі эпос кейіпкеріне айналған даңқты батыр, би ретінде ел жадында қалған тарихи тұлға.

Салтанатты рәсімде сөз сөйлеген облыс әкімі Берік Уәли тарихи тұлғалардың мұрасын жаңғырту – ұлттық сананы нығайтудың маңызды бағыты екенін атап өтті:

Ардақты ағайын!
Құрметті қонақтар!

Баршаларыңызды қазақ жыраулар поэзиясының көшбасшысы, жорық жырауы, Шоқан Уәлиханов «қазақтың рыцарлық дәуірі» деп сипаттаған кезеңнің даңқты қолбасшыларының қатарында құрметпен аталатын, есімі барша қазаққа мәлім Ақтамберді Сарыұлының дүниеге келгеніне 350 жыл толуымен шын жүректен құттықтаймын.

Ақтамберді жырау – ел басына күн туған алмағайып заманда жырымен жұртты жебеп, жорықтағы аламанға дем берген даңғайыр жырау ғана емес, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақұлы Жәнібек сияқты есімі эпос кейіпкеріне айналған даңқты батыр, даңсалы би ретінде ел есінде қалған тарихи тұлға.

Осыдан он күн бұрын өңірімізде Ақтамберді жыраудың 350 жылдығын дүркіреп өтті. Енді міне, батыр-жыраудың еңселі ескерткіші бой көтеріп отыр. Батыр ескерткішін тұрғызуға қолдау білдіргені үшін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевқа облыс халқы атынан айырықша алғыс айтқымыз келеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қызылорда қаласында өткен Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында сөйлеген сөзінде «Төл тарихымызды зерделеу, өнеріміз бен мәдениетімізді өркендету үшін әлі де көп жұмыс істелуге тиіс» деп баршамызға нақты бағдар берген болатын.

Өздеріңізге белгілі, бірінші шілдеден бастап бүкілхалықтық референдум арқылы қабылданған жаңа Конституция өз күшіне енді. Осыған байланысты «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңына тиісті өзгерістер енгізілді. Алда ел болып бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып Құрылтай сайлауын өткереміз. Бұл Мемлекет басшысы бастаған ауқымды реформалардың кезекті кезеңі. Мемлекет дамуының ауқымды бетбұрысының белгісі.

Осындай іргелі реформалар аясында халқымыздың тарихи санасы қайта жаңғырып, тарихқа жаңа көзқарас қалыптасып келеді. Мемлекет басшысының тапсырмасымен тарихымызды тыңнан зерделеген жаңа академиялық еңбек дайындалуда. Осы жаңа танымдық кезеңнің тұсында есімі тарих сахнасында жаңғырған Ақтамберді бабамыздың атаулы тойының маңызы ерекше. Себебі, Ақтамберді жыраудың есімі ҚР Президенті Әкімшілігінің келісімімен Республикалық ономастика комиссиясы бекіткен «Тарихи тұлғалар» тізіміне енгізілген болатын. Мұны тарихи әділеттілік, бабалар рухына тағзым деп қабылдаған жөн.

Жыраудың өмір жолы, ерлік істері мен рухани мұрасы Аягөз өңірімен тығыз байланысты. Сондықтан ұрпақтары үш жылдан бері арнайы қоғамдық қор құрып, өз қаражаттарына кең ауқымды мерейтойлық іс-шаралар өткізуді жергілікті әкімдікпен келіскен болатын.

Одан бөлек Аягөз қаласында аумағы 5600 шаршы метр болатын жаңа саябақ бүгін халық игілігіне берілді. Аталған саябақтың ашылуын жыраудың 350 жылдық мерейтойына орай өткізілуі кездейсоқтық емес. Аталған жаңа саябақта Ақтамбердінің ескерткіші бой көтерді.

Ауқымды саябақ Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» бағдарламасының нақты көрінісіне айналып, тұрғындар үшін жайлы демалыс орнына болады деп сенеміз.

350 жылдық мерейтой бағдарламасы аясында ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырылды. Сонымен қатар, республикалық жыр мүшәйрасы, аламан бәйге, қазақ күресінен өгіз балуан, түйе балуан, Аягөз арғымағы бәйгесі, садақ ату, жорға, топ бәйге



өтіп, жеңімпаздарына сегіз автокөлік сыйға тартты. Қаһарман жыраудың аты асқақтап, Аягөз арғымағынан басқа жарыстардың барлық жүлделері еліміздің әр тарабына кетті. Тіпті, көршілес қырғыз елі де жорғадан жүлде алып қайтты. Бұл халқымыз үшін қан кешкен тұлғалар рухына жасалған құрмет, перзенттік тағзым екені сөзсіз.

Қадірлі жерлестер!

Абай елі, Семей жері күпті қазақ даласына сәуле шашқан ұлылар өлкесі. Күллі қазақ даласына өнер шашып, шұғыласын төккен прогресс Отаны. Тұңғыштар мекені. Барша өркениет жаңалығы болған тұңғыштардың бастау алған жері. Қазақтың алғашқы театрының осы өңірде қойылуы, алғашқы баспаның ашылуы, тұңғыш футбол клубының осында құрылуы, алғашқы телеграф, алғашқы банктің, тіпті, алғашқы цирктің де осында басталуы бекер емес. Тіпті, алаш өскері де осында құрылды. Мұның бәрі де, құтты мекеніміздің прогресс Отаны екенінің айғағы.

Алашқа астана болған киелі шаһарымыз – ежелден зияткерлікке бейім, ілім-білімнің орталығы болған қала. Семейде өткен ғасырда алаштың алғашқы оқу орны ашылып, қазақ зиялыларының ізі қалғанын ұмытпауымыз керек. Сол кезде тарихы терең шаһарымызда Мұхтар Әуезов пен Қаныш Сәтбаевтың, Өлкей Марғұланның арманға қанат қаққанын айтсақ та көңілімізге қуат құйылатыны анық.

Осы асқақ тарихтың бастауында елі үшін ереуіл атқа ер салған Ақтамберді жырау, Қабанбай батыр сияқты ерлердің, кешегі Ақтайлақ би, аға султан Құнанбай, әулие Ырғызбай Досқанаұлы, Дулат Бабатайұлы, сияқты тағдырлы тұлғалар тұрғанын есімізде берік сақтауымыз керек.

Өңіріміз қашанда ұлттық құндылықтарды көз қарашығындай қастерлеп, ата дәстүр мен заман дамуын ұштастырып келе жатқан жақсылыққа құштар, жаңалыққа ашық аймақ. Ұлы Абайдың меке-ні, Абайдың ізгі жолын жалғастырған алаш арыстарының орталығы болған қасиетті жер.

Ендеше, еңселі туғырына қонған айбатты баһадүр, айбынды жыраудың тойы құтты болсын!- деді облыс басшысы.

Жаңа саябақ Аягөз тұрғындары мен қонақтарының тағзым етіп, тынығуына арналған көрікті қоғамдық кеңістікке айналмақ. Саябақ аумағы заман талабына сай абаттандырылып, 250 түп ағаш отырғызылды.

Ал саябаққа орнатылған, қоладан құйылған ескерткіштің биіктігі – 5,25 метр. Туындының авторы – мүсінші Тоқтарбек Рахиев.

Айта кетейік, Ақтамберді жыраудың 350 жылдық мерейтойы аясында бұған дейін ғылыми-тәжірибелік конференция, республикалық жыр мүшәйрасы және ұлттық спорт жарыстары ұйымдастырылды. Аламан бәйге, «Өгіз балуан», «Түйе балуан», «Аягөз арғымағы» бәйгесі, садақ ату, жорға және топ бәйге жеңімпаздарына сегіз автокөлік табысталды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі



ОБЛЫС

МАҚАНШЫ

КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫС - КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕР

Облыс әкімі Берік Уәлидің төрағалығымен кеңейтілген аппараттық кеңес өтті. Жиында Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасына енгізілген өзгерістер, өңірдегі эпизоотиялық жағдай және оны тұрақтандыру мәселелері қаралды. Кеңеске қала және аудан әкімдері, басқарма басшылары, өңірлік департамент жетекшілері қатысты.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша мемлекеттік қызмет істері агенттігі Абай облысы бойынша департаментінің басшысы Руслан Шарипов, санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Нұржан Ногайбаев және ветеринария басқармасының басшысы Ержан Барышев баяндады.

1 шілдеден бастап «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы» жаңа Заң күшіне енді. Құжат мемлекеттік қызмет жүйесін одан әрі жетілдіруге, оның тиімділігін арттыруға және азаматтарға көрсетілетін қызметтердің сапасын жаңа деңгейге көтеруге бағытталған.

Заңның басты жаңашылдықтарының бірі – мемлекеттік қызметтің сервистік моделіне көшу. Яғни, мемлекеттік қызметшілердің жұмысы ең алдымен азаматтардың қажеттілігіне бағдарланып, қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын арттыруға, артық бюрократиялық кедергілерді азайтуға басымдық беріледі.

Сондай-ақ, мемлекеттік аппараттың көсібілігін арттыру мақсатында кадрлық процестерді толық цифрландыру көзделген. Енді мемлекеттік қызметке іріктеу «е-Қызмет» ақпараттық жүйесі арқылы жүргізіліп, барлық конкурстар ашық әрі әділ форматта ұйымдастырылады.

Заң мемлекеттік қызметшілердің кәсіби дамуына, ашық әрі тиімді кадрлық саясатты қалыптастыруға, сондай-ақ, құлық бұзушылықтардың алдын алу жүйесін жетілдіруге бағытталған жаңа тетіктерді де қамтиды. Бұл өз кезегінде мемлекеттік аппараттың ашықтығын арттырып, қоғамның мемлекеттік қызметке деген сенімін нығайтуға ықпал етеді.

Аймақ басшысы жауапты мемлекеттік органдарға жаңа редакциядағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы» Заңы мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын мемлекеттік қызметшілерге түсіндіруді, олардың сақталуын тұрақты бақылауда ұстауды, сондай-ақ, Әдеп кодексі талаптары мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бағытындағы профилактикалық жұмыстарды күшейтуді тапсырды.

–Бүгінде мемлекеттік қызметтің тиімділі-

гі ең алдымен әрбір мемлекеттік қызметшінің кәсібилігіне, заң талаптарын қатаң сақтауына және қоғам алдындағы жауапкершілігіне байланысты. Жаңа заңнамалық өзгерістер тек жауапкершілікті күшейтуге ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік қызметтің беделін арттыруға, азаматтарға бағдарланған мемлекеттік аппарат қалыптастыруға бағытталған. Сондықтан барлық мемлекеттік органдар қабылданған өзгерістерді сапалы іске асырып, әрбір қызметкерге олардың талаптарын жан-жақты түсіндіруі қажет, – деді Берік Уәли.

Облыстық ветеринария басқармасының мәліметінше, өңірде аса қауіпті аурулардың алдын алу мақсатындағы ветеринариялық-профилактикалық және диагностикалық іс-шаралар бекітілген жоспарға сәйкес жүргізілуде. Биыл құтыруға қарсы ауыл шаруашылығы және жабайы жануарларды вакцинациялау, диагностикалық зерттеулер жүргізу, ауру ошақтарында сауықтыру және дезинфекциялау жұмыстары жалғасуда. Сонымен қатар, жабайы жануарлар арасындағы эпизоотиялық жағдайға тұрақты мониторинг жүргізіліп, халық арасында ақпараттық-түсіндіру шаралары ұйымдастырылуда.

Облыс әкімі ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету – барлық жауапты мемлекеттік органдардың ортақ міндеті екенін атап өтті. –Бұл мәселелердің барлығы тек ветеринария немесе санитариялық қызметтің ғана міндеті емес. Әрбір аудан мен қала әкімдігі, салалық басқармалар мен ауылдық органдар өз құзыреті шегінде нақты нәтижеге бағытталған жұмысты қамтамасыз етуі тиіс, – деді аймақ басшысы.

Кеңес қорытындысы бойынша облыс әкімі құтыруға қарсы профилактикалық және эпизоотияға қарсы іс-шараларды күшейтуді, ауыл шаруашылығы және ұй жануарларын вакцинациялау жұмыстарын толық орындауды, ветеринариялық-санитариялық талаптардың сақталуын қамтамасыз етуді тапсырды. Сондай-ақ, вакцина мен қажетті медициналық препараттар қорын тұрақты бақылауда ұстауды, халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейтуді, жабайы жануарлар санына мониторингті жалғастыруды, қаңғыр бас жануарларды аулау жұмыстарын жүйелі ұйымдастыруды және оларды уақытша ұстау пункттері мен панажайлар құру бойынша нақты шаралар қабылдауды міндеттеді.

Абай облысы әкімінің баспасөз қызметі

Мақаншы ауданында өңір экономикасы үшін маңызды өндіріс орны пайдалануға берілді. Аудан орталығында «DI-NUR» ЖШС-нің күнбағыс тұқымын қайта өңдеп, өсімдік майын өндіретін жаңа зауыт салтанатты түрде ашылды.

ЖАҢА ЗАУЫТ – ӨҢІР ЭКОНОМИКАСЫНА ТЫҢ СЕРПІН



Кәсіпорынның ашылу рәсіміне Абай облысының әкімі Берік Уәли қатысып, бұл жобаның өңірдің агроөнеркәсіптік кешенін дамытудағы маңызына тоқталды.

– Бұл – облыстың өндірістік әлеуетін арттыратын, жаңа жұмыс орындарын ашатын және агроөнеркәсіп кешенін дамытуға серпін беретін стратегиялық жоба. Әсіресе, негізгі инвестордың осы ауданның тумасы Серік Рамбаев болуы туған жерге жасалған үлкен жанажырлықтың көрінісі, – деді Берік Уәли.

Жобаның жалпы инвестициялық құны 7 миллиард теңгені құрайды. Заманауи технологиялармен жабдықталған өндіріс орны тәулігіне 300 тонна өсімдік майын өндіруге қауқарлы. Сонымен қатар кәсіпорын тәулігіне 500 тоннаға дейін күнбағыс тұқымын тазалап, құрама жем шығаруға мүмкіндік береді. Бұл ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу үлесін арттырып, қосылған құны жоғары өнім өндіруге жол ашады.

Жаңа зауыттың іске қосылуы аудан тұрғындарын тұрақты жұмыспен қамтуға да оң әсерін тигізбек. Кәсіпорында 20 тұрақты және 100 маусымдық жұмыс орны ашылды.

Жобаның тағы бір артықшылығы – оның тиімді географиялық орналасуы. Қытай Халық Республикасымен шекаралас жатқан Мақаншы ауданы өндірілген өнімді сыртқы нарықтарға экспорттауға қолайлы мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде халықаралық сауда байланысын кеңейтіп, өңірдің экспорттық әлеуетін арттыруға ықпал етеді.

Кәсіпорынның ашылуын аудан тұрғындары да қуанышпен қабылдады. Аудандық ақсақалдар кеңесінің мүшесі Әбден Разуев мұндай инвестициялық жобалар ауыл экономикасын жандандырып, халықтың әл-ауқатын арттыруға елеулі үлес қосатынын атап өтті.

Жалпы, биыл Абай облысында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жө-



ніндегі Жол картасы аясында жалпы құны 23,7 миллиард теңгені құрайтын алты ірі инвестициялық жоба жүзеге асырылады.

Ал мемлекеттік бағдарламаға сәйкес, 2031 жылға дейін облыстың агроөнеркәсіп саласында 90 ірі инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланған.

Абай облысының әкімі Берік Уәли Мақаншы ауданына жұмыс сапары барысында аудан тұрғындары үшін маңызды әлеуметтік нысандардың бірі – Мақаншы аудандық ауруханасында жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмыстарының барысымен танысты.

Жарты ғасырдан астам уақыт бұрын, 1974 жылы пайдалануға берілген аурухана ғимаратына осы күнге дейін күрделі жөндеу жүргізілмеген болатын. Уақыт сынынан өткен нысанды жаңғырту жұмыстары өткен жылдың қыркүйегінде басталып, бүгінде оның 90 пайызы аяқталған.

Жоба аясында инженерлік желілер толықтай жаңартылып, ішкі бөлмелер заманауи талаптарға сай қайта жабдықталуда. Зертханалар мен емшара кабинеттері жаңа медициналық стандарттарға сәйкестендіріліп, мүмкіндігі шектеулі азаматтардың кедергісіз қозғалуына қолайлы жағдай жасалуда. Қазіргі таңда қабырғаларды өрлеу, еденге линолеум төсеу, дәліздердің аспалы төбесін орнату және сантехникалық жүйелерді жаңарту жұмыстары жалғасуда.

Мақаншы аудандық орталық ауруханасы – шекаралық аймақтағы стратегиялық маңызы бар медициналық мекемелердің бірі. Мұнда 537 қызметкер еңбек етеді. Аурухана тәулік бойы жұмыс істейтін 100 орындық стационармен, 80 орындық күндізгі стацио-

нармен және бір ауысымда 125 адам қабылдайтын емханамен халыққа қызмет көрсетеді.

Медициналық мекеменің қызмет көрсету аумағы 280 шақырымды қамтиды. Ол тек аудан тұрғындарына ғана емес, шекара заставаларындағы әскери қызметкерлерге, кеден қызметкерлеріне, халықаралық автожол бойымен қатынайтын жүргізушілерге, сондай-ақ жаз мезгілінде Алакөл жағалауына келетін миллионнан астам туристке медициналық көмек көрсетеді.

Нысанды аралаған облыс әкімі Берік Уәли құрылыс жұмыстарының белгіленген кестеге сәйкес жүргізіліп жатқанын айтып, сапа мәселесіне ерекше тоқталды.

– Былтыр келгенде ғимараттың әбден тозғанын көрген едік. Бүгінде аурухананың келбеті толық өзгеріп, жылу жүйесі түгел жаңартылды. Медициналық мекеме жаңа тыныс алды деуге болады. Дегенмен, дердігер анықталған кемшіліктердің бәрі толық жоюы тиіс. Жұмыстың сапасы тұрақты бақылауда болады, – деді өңір басшысы.

Айта кетейік, сегіз ай бұрын Мақаншы ауылында 27 жыл бойы құрылысы аяқталмай тұрған ғимарат қайта жаңғыртылып, жаңа дәрігерлік амбулатория ретінде ел игілігіне берілген болатын. Бұл – өңірдегі денсаулық сақтау инфрақұрылымын жаңғырту бағытындағы жүйелі жұмыстардың нақты нәтижесі.

Абай облысы әкімінің баспасөз қызметінің ақпараты негізінде әзірлеген
Ай-Керім СӨРСЕНҚАЛИ
«Semei tañu»

ТУРИЗМ

ЖАҢА ВИЗИТ-ОРТАЛЫҚ АШЫЛАДЫ

Абай облысында ұлы ақынның тарихи-мәдени мұрасын дәріптеуге бағытталған тағы бір маңызды жоба жүзеге аспақ. Бұл туралы облыс әкімі Берік Уәли өңірде қолға алынатын «ABAY KUNANBAYULY VISITOR CENTER» инвестициялық жобасын таныстыру кезінде мәлімдеді.

Жоба аясында Абайдың «Жидебай-Берілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығы аумағында заманауи визит-орталық ашылады.

Жобаның жалпы құны 500 миллион теңгені құрайды. Нәтижесінде 40 жаңа жұмыс орны құрылып, тәулігіне 1000 адамға дейін қабылдай алатын заманауи туристік инфрақұрылым қалыптасады.

Жоба мұзей-қорық аумағындағы жалпы ауданы 532,8 шаршы метр болатын ғимаратты қайта жаңғырту арқылы жүзеге асырылады. Жоспар бойынша оның шамамен 200 шаршы метрінде визит-орталық пен кофехана орналаса, қалған бөлігі бек нөмірлі шағын қонақүйге бейімделмек.

Сонымен қатар жобаны мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында жүзеге асыру және нысанды «Pana Asia» ЖШС-не 20 жыл мерзімге сенімгерлік басқаруға беру көзделіп отыр.

Өңір басшысы жеке инвестордың қатысуы тарихи орынның туристік тартымдылығын арттырып, келушілерге қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік беретінін атап өтті.



Өз тілшіміз

Алакөл жағалауында алғаш рет ұйымдастырылған «Алакөл алаулары» мәдени фестивалі салтанатты гала-концертпен өз мәресіне жетті. Екі айға жуық уақытқа созылған ауқымды мәдени жоба өңірдің шығармашылық әлеуетін танытып қана қоймай, Алакөлдің туристік тартымдылығын арттыруға да елеулі үлес қосты.

МӘДЕНИЕТ ПЕН ТУРИЗМДІ ТОҒЫСТЫРҒАН ЖОБА

Ай-Керім СӨРСЕНҚАЛИ,
«Semei tañu»

Фестиваль 20 маусым күні жазғы туристік маусымның ашылуымен басталып, 5 тамызда қорытынды гала-концертпен аяқталды.

Жабылу салтанатында сөз сөйлеген Абай облысының әкімі Берік Уәли «Алакөл алаулары» фестивалі өңірдің мәдени өміріне тың серпін бергенін атап өтті.

–Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев биылғы «Түркістан» газетіне берген сұхбатында туризм саласының негізгі мәселелеріне тоқтала келе: «Бұл – экономика, мәдениет, қауіпсіздік және бизнес – барлығы бір жерге тоғысатын күрделі сала», – деп нақты бағыт берген болатын. Осы мақсатта биыл алғаш рет ұйымдастырылған бұл мәдени жоба – Абай облысының рухани өміріндегі айтулы оқиға болды. Екі айға жуық уақыт бойы Алакөл жағалауы ән мен жырдың, ұлттық өнер мен заманауи мәдениеттің үлкен сахнасына айналды. Облысымыздың барлық қала-аудандары өздерінің мәдениеті мен өнерін кеңінен таныстырып, өңіріміздің шығармашылық әлеуетін мыңдаған көрерменнің алдында паш етті. Демалушылардың, туристердің көңілінен шықты. Сондықтан бұл жобаны келесі жылы да жалғастыратын боламыз. Осындай жобалар өңір экономикасына да серпін береді. Туристік маусымның ұзара түсуіне, кәсіпкерліктің дамуына, қызмет көрсету сапасының артуына және өңірдің кеңінен танылуына ықпал етеді, – деді аймақ басшысы.

Абай облысы Мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Жанжігіт Омарханның айтуынша, фестивальдің басты ерекшелігі – облыстың әрбір қаласы мен ауданы өз мәдени келбетін, тарихи мұрасын және шығармашылық мүмкіндігін бір сахнада таныстыруға мүмкіндік алды. Семей қаласы, Жарма, Абай, Ақсуат, Жаңасемей, Көкпекті, Бородулха, Бесқарағай, Аягөз, Ұржар, Мақаншы аудандары мен Курчатов қаласының өнерпаздары әрқайсысы өзінің қолтаңбасымен көрермен ықыласына бөленді. Концерттік бағдарламаларда халық әндері мен күйлері, ұлттық билер, фольклорлық және этнографиялық қойылымдар, заманауи эстрадалық шығармалар үйлесімді үндестік тапты. Бұл көрермендерге қазақ халқының бай мәдени мұрасын кеңінен танытып қана қоймай, өңірлердің шығармашылық тыныс-тіршілігін де жақындан көруге мүмкіндік берді.

Фестивальдің көркін қыздырған тағы бір ерекшелік – Қазақстан эстрадасының танымал өнерпаздарының қатысуы. Белгілі әншілер мен жергілікті таланттардың бір сахнада өнер көрсетуі концерттердің мазмұнын байытып, демалушы-



ларға ерекше көңіл күй сыйлады. Сонымен қатар ұйымдастырушылар жас орындаушылардың шығармашылығына да кең мүмкіндік беріп, жаңа өсімдердің танылуына жол ашты.

Жоба аясында барлығы 15 концерттік бағдарлама ұйымдастырылып, оған Қазақстанның танымал эстрада жұлдыздары мен өңірдің өнер ұжымдары қатысты. Концерттерді жалпы саны 75 мыңға жуық көрермен тамашалады. Бұл көрсеткіш фестивальдің халық арасында үлкен қызығушылыққа ие болғанын аңғартады.

– «Алакөл алаулары» концерттік жобамең шектелген жоқ. Жаз бойы көл жағалауында аудандардың мәдени күндері, шығармашылық ұжымдардың концерттері, жаңа Арбаттағы би кештері, балаларға арналған «Жұлдыз болғым келеді» карасөз бағдарламасы, көпөнер көрмелері мен түрлі мәдени-танымдық жобалар ұйымдастырылды.

Қабанбай ауылындағы Мәдениет үйі жанынан ашылған өлкетану музейі де туристер үшін тартымды орынға айналып, өңірдің бай тарихы мен мәдени мұрасын таныстыру бағытында тұрақты жұмыс жүргізді.

Жастар саясатына да ерекше көңіл бөлінді. «Жастар практикасы», «Дипломмен ауылға», «Жасыл ел» бағдарламалары және мемлекеттік гранттар жөнінде ақпараттық көрмелер ұй-

ымдастырылып, кеңес беру алаңдары жұмыс істеді. Волонтерлер мен эко-белсенділердің қатысуымен флешмобтар өткізіліп, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, «Заң мен тәртіп» қағидаттарын насихаттау және діни экстремизмнің алдын алу бағытында түсіндіру жұмыстары жүргізілді, – деді Жанжігіт Абзалбекулы.

Сонымен қоса, туристік маусым барысында спорттық іс-шаралар да кең көлемде өтті. Алакөл жағалауында «Alakol RUN» марафоны, қазақ күресінен республикалық турнир және «Абай Барысы – 2026» облыстық турнирі ұйымдастырылып, ұлттық спорт түрлерін дамытуға ерекше көңіл бөлінді.

«Алакөл алаулары» фестивалі Абай облысының мәдени бренді іспетті. Табиғаттың көркі мен ұлттық өнердің құндылығын тоғыстырған бұл жоба өңірдің шығармашылық әлеуетін жаңа қырынан танытып, Алакөлді тек шипалы демалыс орны ғана емес, мәдени туризмнің маңызды орталығы ретінде қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Биылғы фестивальдің жоғары деңгейде ұйымдастырылуы мен көрермендердің ыстық ықыласы бұл бастаманың өміршен екенін көрсетті. Ендігі мақсат – осы игі дәстүрді жалғастырып, «Алакөл алаулары» еліміздің ең ірі жазғы мәдени фестивальдерінің біріне айналдыру.

10 ТАМЫЗ – АБАЙ КҮНІ



«АТЫМДЫ АДАМ ҚОЙҒАН СОҢ...»

Осылай Абай мен Мәшһүр жалған мен бақидың ашы шындығымен өмірдің адам баласы үшін ғажайып сын ғана емес, ғаламат сын екенін де зердеге құяды. Алайда, олардың жан-жағындағы «ақыл сөзге ынтасыз жұрттың» қарасы тым қалың. Өкінішке қарай, «тыңдаушының түзелген сөзбен қоса түзелуге» асыға қояр түрі байқалмайды. Хакім «ел шапқан батырды, яки қызықты айтқан күн өткізбек әңгіменің әр сөзін мыңға балаған» замандас мінезінен күйінеді. Білімсіз кісімісінген «көп шуылдақ көңгемім-ақ соған деп табандаса», не қайран: «Білгенге маржан, Білмеске арзан, Надандар бәһра ала алмас, - деп, «ұйқыдағы» қауымды «оятудың» амалын таппай, қын-жылады, - Қиналма бекер, тіл мен жақ, Көңілісіз құлақ – ойға олақ... Моласындай бақсының / Жалғыз қалдым тап шыным».

Ұлы ақынның қайғы-мұңы өз басынан кешкен Мәшһүр де жапанда жалғыз қалғандай хәлде. «Қамалып өмір бойы қалған түнге, Қадалып қарай-қарай ай мен күнге... Шарқ ұрып бұ дүниені шыр айналдым, Сөзімді тыңдайтын бір құлақ таппай, - деп, қабырғасы қайысады, - Жан ғой деп қимылдаған сәйлеп тұрмын, Естіп кет Құдай үшін ұқпасан да... Еститін есіл сөзім құлақ қайда? Суалмас ішсе көзі, бұлақ қайда?!..». Айналасына ренжи тұрып, өз сөзінің «адамның аса білгіш зерігіне көз болғанын» қалайды: «Өлең – жұмбақ: керек-ті оған шешу... Қазақ байғұс насихат сөзге түспей, Бар білгені қалшып ерегесу». Сөйтіп, ол надан мен білмідінің, «соқыр мен көрушінің, қараңғы мен жарықтың тең емесін», өмірге не үшін келгенін ойламайтындарды «балы бар, уы аралас» өсиетімен ұшықтайды.

Олай болса, Абайдың да, Мәшһүрдің де бар ойы халқымыздың ілім-ғылымды меңгеріп, заманалар көшінде өзге жұрттан озық болуына келіп саяды. «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, әр мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де –ақымдық...» - дейді Хакім. - Ғылым Алланың бір сипаты, ол – хақиқат, оған ғашықтық – өзі де хақыққ һәм адамдық дүр...» немесе Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын көз. Нұрын, сырын көруге / Көкірегіңде болсын көз... Білім – бақтың жібермейтін қазығы, Білімісіз бақ – әлдекіміңіз азығы». Демек, «өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ» секілді бас дұшпаннан қашық жүріп, «бес асыл: талап, еңбек, терек ой, қанағат, рақымды» ардақ тұту пазыры екен.

Хакім меңзеген асылдың бір – қанағат шүкіршілігіне ашы мының мағынасы қолда барға шүкіршілік ету десек, Мәшһүрдің «бес қымбатының» да бірі – шүкір екен: «Төртінші, қымбат нәрсе – шүкір деген, «Нығметке шүкірсіздік – күпірі!» - деп, оның қалған төртеуі: «иман, ақыл, сабыр, әдеп» ұғымымен танытады. Әулиенің, сондай-ақ «Қанағат туралы жұмбақ өлеңі» Абайдың «Ескендір» поэмасындағы «тойымсыз көз» және «Өлсе өлер табига...» өлеңіндегі «өлмейтұғын сөз» тәмісділерімен үндесе өріледі. «Жаманнан без қалады, жақсыдан – сөз, Дүниенің келуі оңай, кетуі тез» екеніне ұйытатын осы қиссада «әуе айналып жерге түскендей күн ыстықта, бір жұтым су көкей кесіп, арманға айналған» шақта жер қайысқан қарулы қолға «сарқырап, саулап аққан өзен көлденең ұшырайды».

Бұған қатты қуанған хан өз ескеріне «бұл судан қана ішкенмен сусын қанбайтынын, тойымсыздың ере алмай жолда қалатынын былай ескертеді: «Жаланаңш қолыңмен ал, бірақ орта, Қалмайсың соны қылсаң, қаңғып жұртта». Алайда, «тостаған мен шелекті қойып, сүңгіп ішімен» дегендер шөлдерін баса алмай, тіпті дертке шалдығып, суға кетеді. Қанағатты ұмытпай, судан тек татып қана қойғандар аман-есен қалады. Ислам дінінің насихатшысы Мәшһүр аталмыш өлеңі арқылы «Есті адам – қанағатты. Қанағатты адам тиянақты. Тиянақты адам көнтерлі. Көнтерлі адам қайғысыз. Қайғысыз адам бақытты» деген тағылым түйеді. Сөйтіп, Абай мен Мәшһүр төңіректерін басқан қалың «тұманнан» түршіге тұрып, қазғын өркеніет сапының маңдай алдынан көруді аңсайды.

Екеуінің жас айырмасы бір мүшел, Абайдың немере інісі, көмеңгер Шәкәрім Құдайбердіұлымен Мәшһүр Жүсіп бір жылдың түлегі. Құрдас ақындар бақиға да сол бір қасіретті 1931 жылы қайтыпты. Бірақ, дін мен руханият ғұламасы М.Ж. Көпелулы төл шығармаларының 10 томдық жинағында (Е. Қ. Мәшһүр Жүсіп, «ЭКО» ҒӨФ ЖШС, 2023 ж.) ақын әрі ойшыл Шәкәрім туралы тіс жарып, ештеңе демейді. Оның өсиетіне Абаймен кездеспесе де, Мәшһүрдің оны сырттай біліп, шығармаларына қанық болғанын байқаймыз. Оның «Нүсіпхан» дастанындағы Біржан сал мен Хакім Абайға қатысты жолдар да Қызылжарда Біржан Қожағұлын күтіп алғанында да Абай туралы тыңдаған әңгімесінің дәлеліндей. Көп томдық ғұламаның қолында Хакімнің тұңғыш кітабының болғанына да сендіреді.

Бұл пікірімізге, М. Ж. Көпелулының «Нүсіпхан» атты көлемді қиссасы, «Ібрай Құнанбаев сөзі», «Абай Құнанбаев (1945 – 1904) өлеңдері» деген жазбалары, сондай-ақ Құнанбай жайындағы екі нұсқадағы бір жарым беттік пікірі айғақ. Олай болса, әуелгі әңгімені «Нүсіпхан» қиссасындағы Абай тұлғасы жайында өрбітеміз. Ал, автордың басқа жазбаларына ой желісіне қарай оралуды жөн санадық. Сонымен «Нүсіпхан» (6-том, 93-б.) шығармасына келсек, Мәшһүрдің бұл туындысын жазуына Семей өңіріне жолы түскенінде

Туған қазағының тағдырына жанашыр қос көмеңгердің асыл арманы «қайран елінің» бақыты еді. Абай қасиетті Құранның рухани нәрімен бұ фәнидің, яки «жалғанның» ғаламат сынағына көзімізді ашып, «адам» деген атқа лайық болуды аманат етеді. Мәшһүр Жүсіп болса, Ислам дінімен біте қайнасып, о дүние – бақидың қатал сынына әзір болудың ғибратын Құран тілімен санаға құяды. Ұлы даланың «шамшырақ» тұлғаларының екі дүние пайымы, сайып келгенде, өзара үндестік пен сабақтастық тауып, тыңдаушы мен оқырманға «адамдық қарызын» түйсінтеді.

Алла тағаланың жасампаз нұрымен Абай Құнанбайұлы айналасына сәуле түсіріп: «Артық ғылым кітапта, Ерінбей оқып көруге... Болмасаң да ұқсап бақ, Бір ғалымды көрсеніз. Ондай болмақ қайда деп, Айтпа ғылым сүйсеңіз», - деп қандастарын оқу-білімге «жетелейді». Ілім-ғылымның пайдасына ол қандастарының көзін ғана емес, көкірегін де ашудан үмітті: «Дүние де өзі, мал да өзі, Ғылымға көңіл берсеңіз. Білгендердің сөзіне / Махаббатпен ерсеңіз...». Ал, діни әдебиеттің аса көрнекті өкілі Мәшһүр Жүсіп Көпелулы киелі Құран аяттарымен жамағатқа ой салып, ақыл қосу арқылы бақиға бағындайды. Ол «оқу мен ғылымның мән-маңызын» тәпсірлеп, «он сегіз мың ғаламды жаратқан» Құдірет иесінің сөзімен, оның «түнді күндіз қылғандай», ақиқатқа ұйытар қуатын дәріптейді.

АБАЙ МЕН МӘШҲҮР

екі дүние пайымы

«Тобықтының көмеңгері Нүсіпхан ер» туралы естіген әңгіме себеп болады. Төл туындысында ол кейіпкерін «жасынан алдын көрген, дәулеті де, өнері да шалқар, аса беделді әрі жомарт» жан ретінде сүйіне отырып сыпаттайды.

Қаладан «он төрт дүкен салған» Нүсіпхан соңғы жолы Қызылжар аймағындағы «Болатнай базарына бес жүз қой мен үш жүз ат айдап, саудасы сәтті болып, сексен түйеге жүк артады». Алайда, осы сапарында сырқатқа шалдыққан азаматтың жол үстінде серіктерін жинауына тура келеді. Ол өзінің «жиырманың бесеуіне келіп, о дүниеге перзентсіз бара жатқанына, атадан жападан жалғыз екеніне, қажылыққа жолы түспегеніне, сондай-ақ медресе, мешіт салмағанына» іштей шерленіп, жолдастарына ақыл қосқан сөзімен өсиет қалдырады. Ол жанындағы серіктерімен, туған-туыспен бақұлдасып, сүйген жары Жамалын қимай, жаны сыздайды. Бірақ, Абай туралы шығармалардың, естеліктер мен зерттеулердің қиссадағы «ақынның қимас досы» Нүсіпхан туралы жақ ашып, ләм-мим демеітіні ойлантады.

АБАЙДЫ ДОС ТҰТҚАН НҮСІПХАН КІМ?

Мәшһүр шығармасында Нүсіпхан өзінің Абаймен де достығын айтып, ағынан жарылады: «Жан досым еді, Ыбырай, Артымда саған сенемін, - деп, жарым көңілін демеіді. - Құнанбай атты көрмді / Көре алмай кеттім, қайтейін?!.. Ыбырайдың достығы, Бір Аллаға мәлімді. Қажылыққа жіберсін, Жамал атты жарымды. Өз орнына жұмсасын, Бағулы жатқан малымды. Ыбырай еді жан достым – Құнанбайдың баласы. Арғы атасы Өскенбай – Тобықтының ағасы». Ол, сондай-ақ «партия таласы болса, жанынан табылатын, ақынның қатты сенетін өзіндей досы өлгенде дұшпанының Ыбырайды табалайтынына» өкініп, Құнанбайды шариғатқа нандырып қажылыққа» жіберуді тапсырады. Абайға қаралы хабарды марқұмның тағы бір досы Омарбек қалай жеткізгенін білмей дағдарарды.

Сонда Мәшһүр «Қолыңа кара жорға ат түлдап ал, Ыбырай, бәрі таныр барғаныңда» деп, Нүсіпханның атынан кеңес береді. Бұдан кейін Омарбек «қос атпен бір аптадай жол жүріп, әуелі «Ыбырай аулына кідіріпті». Абай «тұлданған кара жорғадан» қаралы хабарды бірден ұғып, «ат үстінде төңселіп, екі көзі жасқа толады». «Бір туған бауырыңдай көріп, қиындықта сүйеніш еткен Нүсіпхандың «сұңқардың ғұмыры қысқа болғанына» қайғырып, «марқұмның жастай көз жұмғанына, қоштаса алмай қалғанына, өз қолымен топырақ салмағанына» деген өкініштен қайғы жұтады. Қиссадан, сондай-ақ «Біржан салдың батасын алып, өнерге он жетісінде мойын бұрған, жасынан дін Ислам туын ұстап, ата жолын қуған» Абайға деген сый-құрметке қанығамыз.

Әкесі Құнанбайға Абайдың дос қазасын «көрген түсі» арқылы жеткізгендегі сәтті Мәшһүрдің қажының асыл қасиетін «қақсүйек топтан озған тұлпар едің, туып едің жаннан ерек, ақылға, амал, ойға болдың зерек» деп суреттеуі Хакімнің «Арғы атасы қажы еді...» өлеңімен астасып жатыр. Мезгілсіз ажалдан қайғырған қажы туған перзенті мен оның досына «Орнатсам төр алдына қос бәйтерек, бірі – сен, бірі Нүсіпхан болса керек...» Тересін даудың айтар сен ақ пейіл... Нүсіпхан ол да өзіндей бағлан... Жұмаққа аялдамай баратын» деген сөздерімен әрі сүйініп, әрі күйінеді. Қайғылы хабарды ол Семейдегі Нүсіпханның отбасы мен ақылға өзі жеткізеді. Бұған қоса, ел ағасының марқұмның аманатына сай Меккеге сапарға бел буғанына және Жамалға да баруды ұсынғанына куә боламыз.

Жан жарының аманатына адал Жамал жұбайы Нүсіпханның асыл қасиетін, Абай екеуінің достығын еске алып, «қажылыққа баруға, сол жерге мешіт, медресе салуға» ұйғарады. Біз үшін бұл туынды Абай мен Мәшһүр туралы әңгімеге тиянақ болуымен қымбат. Алайда, Абай мен Нүсіпхан достығына келсек, жаңа айтқандай, М. Әуезовтің даңқты романы мен басқа да еңбектері, сондай-ақ ұлы ақын туралы естеліктер «Нүсіпхан» қиссасы мен оның бас кейіпкері туралы тіс жармайды. Бұған Мәшһүрді жау санаған «қызыл» саясат тосқауыл болды делік. Бірақ, Абайдың асыл мұрасында да Нүсіпхан, яки Нүсіпхан есімі кездеспейтіндіктен, шығарма кейіпкері Нүсіпхан – көркем образ десек, қисынға келеді.

Ендеше, Мәшһүрдей көрнекті дін қайраткерінің Абайға қатысты жоғарыда айтқан жазбаларына да «бұрылатын» кез келді. Бұлардың біріншісі – «Ібрай Құнанбаев сөзі» мен екіншісі – «Абай Құнанбаев (1945-1904) өлеңдері» қысқа ғана үзінділерден тұрады (10-том, 107, 214-б.). Мұның біріншісінде Хакімнің 16-шы қара сөзінің, ал екіншісінде «Ішім өлген, сыртым сау» өлеңінің алғашқы екі жолы ғана берілген. Әулиенің Құнанбай жайындағы екі жазбасындағы (8 - том, 167 -169-б.) Абай туралы пікірлері де, оның ұлы ақынмен кездеспегенін дтіттей түседі. Рас, Мәшһүр «... Ыбырайдан демеліміз, - деп (екінші нұсқа), оның тегіне тартқан қасиетін қадір тұтады, - Тұқым жұрағатында өлгені тіріліп келіп, кейінгі заманның кісісімен бастас болатұғындық әуелден ата-тегіңде бар болғандықтан...».

Дегенмен, бізге жеткен Құнанбай жайындағы жазбаның бірінші нұсқасында автор «Құнанбай Өскенбайдан өзі жалқы» немесе Абайдың бәйбішесі Ділдаға қатысты «Алшынбайдың Жүсіп дей-

тұғын баласының қызы» деп, мүлт кетеді. Бұл, әрине автордың Абайдың отбасына қатысты әңгімені ауызша естуінен немесе көшірушілерден кеткен ағаттық. Дұрысы, Өскенбайдың екінші әйелі Зереден екі ұл (Құттымұхамбет, Құнанбай) мен бір қыз (Тайбала) туады. Құттымұхамбеттің қайтыс болып, оның қалыңдығы Ұлжанды әменгерлік жолымен Құнанбайдың алатыны, ал Ділданың әкесінің аты – Түсіп екені мәлім. Сөз орайында, қиссада «өлгені тіріліп келетіні» туралы жаза отырып, Мәшһүр өзінің Тобықтының қасиетті тұлғалары Кеңірбай мен Қараменде, Тіленші мен Өскенбай, Құнанбай мен Алшынбайды мәнзеп отырғанын жазбаша көрсетеді (8-том, 188 б.).

Ол, сондай-ақ Құнанбай жайындағы аталмыш бір жарым беттік жазбасының бірінші нұсқасында Құнанбайдың әкесіне ас берген жердің «Бұл Көкшетау, Дуанатау аталған жерлер Қарқаралыға қарайтұғын Қаракесек Қамбар қыстаулары екенін... Өскенбайға асты Арғын ортасында, «Сегізауыл» аталған өзеннің бойында бергенін» нақты көрсетеді. Бұған қоса қажының «үш жүзді түгел шақырған» жомаарттығына «Қазанға ішек-қарын салдырмаған: «Ас жақсысы қарта-ды / О да бөк дегенде, негізіне тартады» деп. «Тері мойнымда қалады» деп, қалған аттарға да бөліге берген... Жаназашыға арнап жетпіс үй тіктірген... бір үй бір үйден көмір де сұрап алмаған... жан басына бір-бір кез жыртис бердірген: «жайнамаз қылып алсын» деп. Өзге шығарған малдан бөлек «жаназасы» деп төрт түіе байлаған», - деп, риза болады.

Замандастарына арнаған өлеңдері мен қиссалары өз алдына, Мәшһүр Жүсіптің қасиетті Құранның асқан білгірі екені белгілі. «Құдайым жексенбі күн жер жаратты» атты өлеңінде ол Тәңірдің «жер-суды... төкеметтің түріндей, тау мен тас, ағаш пен шөп, қыл мен өзенді жексенбіде, ал адамзатты жұма күні және он сегіз мың ғаламды тең жаратқанын, бірақ Алланың аманатын қабылдауға келгенде «куаты ешқайсысынан күшті болмаса да» адамның ғана шын қуанып, тәуекелге барғанына, бар үміті Алланың махаббаты ғана болғанына сүйінеді. Жаратушы адамға ғылым мен ақылды беріп, ғаламды бағындыруға, дүниені адаммен көркейтуге ұйғарыпты: «Махаббатпен жаратқан адамды өзі, Махаббатсыз бол кетті дүние жүзі... Махаббатсыз жан да жоқ, тіпті иман», - деп толғайды.

Құдайдың құдіретіне табынған Абай да «Алланың өзі де рас, сөзі де тас, Рас сөз еш уақытта жалған болмас... Махаббатпен жаратқан адамзатты, Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті. Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп, Және сүй хақ жолы осы деп әділетті» деп, өзінің «имани гүл – үш сүю», туралы асқақ ойын паш етеді. Хакім адамның артықшылығы да ақыл мен ғылымда және жүрекке екеніне ұйытады. Мәшһүр де «жан мен сақал, ауыздағы сөзге қарап адам саналмайды. Себебі, жан болған соң да жан-жануар аталғаны аян. Тіпті, есекте де – жан, теке де – сақал, тотықұста «тіл» бар. Ал, адам деуге «бір өзіңнен басқаға пайдаң тисе, кедейге, жоқ-жітікке жанашыр» болсаң ғана лайықсың», - дейді. «Адамға, «басқаға пайдам тисін деген» адам аз, тіпті ондай жанды табу» қиын.

Ұлы Абай адамның жан-жануардан артықшылығы жүреккегі қайрат пен ақылға қонған сәуленің арқасы екенін басқа айттады: «Малда да бар жан мен тән, Ақыл, сезім болмаса. Тіршіліктің несі сен, Тереңге бет қоймаса? Атымды адам қойған соң, Қайтіп надан болайын? Халқым надан болған соң, Қайда барып оңайын?!». Алайда, бізді, амал қайсы, заман билейтініне Мәшһүрдің де қабағы түгілігіп, өз өкінішінен қарындастарының сабақ алуын тілейді: «Замана баса көктеп билеп кетіп, Ат шауып айнала алмас біздің міннен... Бұ жалғаннан өтеді кім басы аман?! Бізді билеп, иледі өткен заман!...». Заман, әлбетте бір қалыпта тұрмайды, бәрі де өзгереді. Оның ырқына көнбеу екіталай.

«БОЛСЫН ДА СӨЗІМ СЫРҒА ҚҰЛАҚТЫҒА!»

Осы ащы шындықты Абай «Бәйшешек солмақ, күйремақ, Көбелек өлмек, сиремек... Әркімді заман сүйремақ, Заманды қай жан билемек?...», - деп, еріксіз мойындатады. Бірақ, пендең заман екпініне басқағы тұрып, төтеп бере алмаса да, біліктің алдында құрдай жорғалап, оның «қолшоптарына» айналмаса керек. Хакім «заманға жаманның ғана күйлеп, оның илеуіне түсетінін» атап көрсетеді. «Мұнан менің қай жерім аяулы деп, майданда бірге тұрып қалатын» жолдастықты Абай ерекше тілейді. Мәшһүр де «Әркімді-ақ мына заман билеп тұр ғой! Талайды тапыр қылып илеп тұр ғой!.. «Теке – бұға», - дегендей, жаман дуға!» / Түсінбеген көпіріп, күйлеп тұр ғой!.. Ер қайда пйда қылар шыбын жанын, Жақсылық ойлайтұғын жолдасына?», - деп, жаны жүдейді.

Абай секілді Мәшһүр Жүсіп өмір «майда-нының» жуан ортасында қазақтың алға басқан аяғын кері тартатын «дұшпандарына» қарсы күресе ашады. Ол, алайда, «адамды заман билейтінін», уақыт «көшінің» тізгініне уақытша болса да ие болып, «дүниенің құлағын ұстаған» дөкейлермен санаспаудың азабымен келісе отырып та, халқының болашағына сенеді: «Мен көрмем, кейінгі заман көрер, Дәмелейін түңіліп, үміт кеспей!», - деу арқылы өртеніне үміт артудан танбайды, - Алды-арты бұл дүниенің – қараңғы түн, Үміт бар – болар деген бір жарық күн... Қалайын,

қалсам өзім, айдалада, Болсын деп сөзім сырға құлақтыға!». Рас, заманның билеуіне, еріксіз көнетіндер көп. Сондай-ақ, «мықты мен дөкейдің» алдында «ләпбай тексырлап», заманға «күйлейтіндер» де аз емес.

Осы соңғылары, нақтысы заман мен мықтыға «күйлейтіндер» желқайық секілді, қашанда «дауылдың» ығынан табылады. Тіпті, мыына жаңа «қамқоршысының» есімін сіңіріп ала қоятыны соншалық, бұған дейінгі «жанашырының» атын қалайша ұмытқанын да байқамайды. Мұндайлардың қашанда бетке – шіркеу, яки масқара (ғибадат орны – шіркеу де сол ұғымнан алынаса керек) екені даусыз. Ендеше, заман «билейтіндерге» кіне артуда қиын. Олар көріп, білген әділетсіздікті оңашада бөлісіп, өздерін қойшы, бал-шағасы үшін алаңдайтындарын айтып, мұңдарын шағады. Абай мен Мәшһүрдің заманы бастапқыда патшаның отарлық, кейін большевиктердің тоталитарлық қысымынан «келелі кеңес жоғалып, ел сыбырды қолға алған» кезең болатын.

Өсіресе, көшбасшы перзенттерін әлекедей жаланған саяси қуғын - сүргіндердің қанды қасабы «жұтқан» қазғайымыздың еңсесі басылып, ұлттың асыл қасиеттері арзаңдап бара жатты. Ақындардың «белін буынып, дүние кірін жуынып, мұң мен зарды қолға алар» сәті де осы болса керек. Сондықтан «өлмейтұғын артына сөз қалдырған» Абай мен «жақсыдан – сөз, жаманнан без қалатынын» өсиет еткен Мәшһүр Жүсіп секілді ұлы тұлғалар «қалың елі – қазағын» қарекетке көшіруге жандарын салды. Қос ақын өз заманының көртертап «мінезінен» қандастарын жиендіріп, оларға заман даңғылы – білім мен ғылым жолын нұсқау мақсатын мойындарына алды. Осы азапты жолда екі көмеңгер де қоғамдағы «қапқан мен оқпанды» көрсетіп, одан сақ болып, тезірек алға басуға үгіттеп бақты.

Абай мен Мәшһүрдің ел-жұртты өбден ығыр қылатын болыс сайлауы, сыяз өткізу, малқу-марлық, өмір базары, мақал-мәтел, жалғыздық, туыстық пен достық, борышқорлық және басқалар жайында айтқан сөздеріне шығармалары дәлел және өрқашан өнеге. Абайдың «Болыс болдым, мінеки, Бар малымды шығындап... Сыяз бар десе, жүрегім / Орнықпайды суылдап...», «Ояз шықты, сыяз бар... Ылау» деп, «үй» деп дікілдеп... Орыс сыяз қылдырса, Болыс елін қармайды. Қу старшын, аш билер / Аз жүрегін жалғайды» деген сөздерін Мәшһүр іліп ала жөнеледі: «Жиылар күнде жұрт сиязға, Бар ақшасын тегеі бір оязға. Орысқа бар, өзіне бұйырмайды, Сараң болып барады жұрт ниязға».

Олар ұлттың ауызбірлігіне зиянды болыс сайлауы мен малқумарлықтан тіксініп, сын «қамшысын» құлшына сілтейді. Абай: «Болды да партия, ел іші жарылды, Әуерім мен тыя / Дауын мен шарынды...» десе, Мәшһүрдің қаламы: «Жоғалса болыс сайлау, халық тыныштанар... «Ынтымақ, партиясыз болып жүрсең, Басыңа сағымданар күннің жазы», - деп, түіндейді. Халқының бөтенге кіріптар тірлігінің, «бірінің-біріне қасқуымен болмағының, бірінің тілеуін бірі тілеспейтұғының» себебін Хакім «төрт аяқты малды көбейтемінен басқа ойынның жоқтығымен» түсіндіреді: «малға достың мұңы жоқ малдан басқа». Мәшһүрді де мұңға батыратын осы: «Надандар не біледі – мешел. Өлік?! Мәз болар мал жиганға үш-төрт түлік... Мал қалар дөненменен болмай ісі, Не қылсын, кім бар болса, сол иесі...».

Ел-жұртымыздың орынсыз мақалдарынан да Абай мен Мәшһүр бірге түніледі. Абай: «Қазақтар: «Ө, Құдай, ас баладай қайғысыз қыла гөр!» деп тілек тілегенін өзім көрдім... Қайғысы не десең, мақалдарынан танырсың: «...! Өзіңде жоқ болса, екен де жат?... «Мал тапқан ердің жазығы жоқ»... «Қарның ашса, қаралы үйге шап»... Бұл мақалдардан не шықты? Мағлұм болды: қазақ тыныштық үшін, ғылым үшін, білім үшін, әділет үшін қам жемейді екен. Мал үшін қам жейді екен...». Мәшһүр: «Біздің мұсылман-дар «Таңғы тамақ – Тәңірден», «Ертеңгі үш есек қайғырады», «Құдайдың бір жазғаны бар шығар», - деп... не қылса, сонан соң қылмақшы болып аш-жалаңаш қалды...», - деп, ащы шындықты жайып салады.

Діни әдебиеттің көрнекті өкілі М. Ж. Көпеев, сондай-ақ «Поселке крестьян салып жатыр, Өлкені өзен, жердің жайлысынан...» - деп, басқыншы мемлекеттің отаршыл саясатына кектенеді. Патша үкіметі өзінің отарлаушылық қара ниетіне қайшы келгендіктен Ислам дінін насихаттаған ғұламаны қуғындап, шығармаларын басып шығаруға шектеу қойды. Ал, кеңес билігі одан да асып түсіп, Ислам тақырыбында кітап басу түгілі атауға тыйым салды. Мәшһүр қызыл биліктің сол кесепатын алдын ала болжап біліп, оның, «тырнақ астынан кір іздеген» сүркія әрекетін әшкереледі: «Билығы үмітті едің өткен күзден, «Октябрь он жетінші», - деген сөзден. Жан-жақтан ұшпа бұлт көтерілді / Қызғанып күннің көзін мұңды бізден. «Келді, - деп, - басыңа сот!» - қорқытады, Іліп ап бес-алты ауыз айтқан сөзден...».

Сондықтан Абай мен Мәшһүр еліміздің бүгін мен келешегінің оқу-білім мен өнерге тәуелді екенін айтудан халықпайды. «Білгенге жол бос, Болсайшы қол бос, талаптың демін татуға. Білмеген соқыр, Қайғысыз отыр, Тамағы тойса жатуға... - деп, Хакім ренішін жасырмайды: - Түзетпек едім заманды, Өзімді тым-ақ зор тұтыт... Қуат бітті, күн өтті, Жарылқа, Құдай, жатқандай». Ұлы ақын сөзін Мәшһүр одан әрі сабақтайды: «Базардан маған өрік келеді деп, Баладай алданбаңыз ойындағы. Құдайдың беруі жоқ жай жатқанға / Болмайды үйде отырып ойындағы... Қылады әркім мазаяқ ғылым жоқтан, Надандар адасуда білім жоқтан... Ғылым, білім сықылды күннің көзі. Жап-жарық қып дүниені тұр ғой өзі...». Қазіргі шіеленіскен халықаралық жағдайда халқымыздың Тәуелсіздігінің озық ғылым мен техника жетістіктеріне де тәуелді екеніне көзіміз жетті.

**Болат ЖҮНІСБЕКОВ,
жазушы**



АБАЙ

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Облыс әкімінің орынбасары Думан Оспанов пен облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Ертай Қуанбаев ауданға жұмыс сапарымен келіп, 2026–2027 жылғы қысқы кезеңге мал азығын дайындау мәселелері бойынша штаб отырысын өткізді.

Жиынға аудан әкімі Мейіржан Смағұлов, аудандық ауыл шаруашылығы, жер қатынастары және кәсіпкерлік бөлімінің өкілдері, сондай-ақ барлық ауылдық округ әкімдері қатысты. Кеңес барысында әр ауылдық округ бойынша шөп шабу науқанының барысы мен жоспардың орындалу деңгейі талқыланды.

Ауылдық округ әкімдеріне қысқы мал азығын дайындау жұмыстарын тұрақты бақылауда ұстап, қажеттілік туындаған жағдайда жетіспейтін мал азығын көршілес аудандардан жеткізу мәселесін алдын ала пысықтау тапсырылды.

«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ»: ЖЕҢІМПАЗДАР АНЫҚТАЛДЫ

Ауданда отбасы құндылықтарын дәріптеуге арналған «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының аудандық кезеңі қорытындыланды.

Байқау ұлттық құндылықтарды насихаттап, өнегелі отбасылардың үлгісін көпшілікке танытуға бағытталды. Шара аясында қатысушылардың отбасы дәстүрі, қоғамдық белсенділігі мен ұрпақ тәрбиесіндегі өнегелі жолы жоғары бағаланды.

Байқау қорытындысы бойынша I орынды Қасқабулақ ауылынан Мақаевтар отбасы иеленсе, II орын Қарауыл ауылындағы Күзембаевтар отбасына, III орын Құндызды ауылынан Жолжігітовтар отбасына бұйырды.

Смағұловтар және Мұсағалиевтар әулеті белсенді қатысқаны үшін Алғас хатпен марапатталды. Барлық қатысушыларға дипломдар мен бағалы сыйлықтар табысталды.

АЯГӨЗ

НҰРҒАЛИ – БАС ЖҮЛДЕ ИЕГЕРІ

Қарағанды облысының Қарқаралы қаласында даңқты ғарышкер, Халық Қаһарманы Тоқтар Өубәкіровтің 80 жылдық мерейтойына арналған қазақ күресінен республикалық турнир өтті. Дүбірлі додада Аягөз ауданының балуаны Нұрғали Тұрсынғазиев жоғары шеберлік танытып, 74 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде барлық қарсыласынан басым тәсіп, жеңіс тағырының ең биік сатысына көтерілді.

Турнир жеңімпазына арнайы тігілген бас жүлде – автокөлік табысталды. Бұл жеңіс Нұрғали Тұрсынғазиевтің спорттағы қажырлы еңбегі мен кәсіби шеберлігінің жемісі ғана емес, Аягөз ауданының абыройын асқақатқан айтулы жетістік болды.

Айта кетсек, ғарышкер мерейтойы «Qarqaraly GO» этноауылында ұйымдастырылып, концерттік бағдарлама, көрмелер мен ұлттық спорт түрлерінен жарыстар өтті.

БОРОДУЛИХА

ЖОЛ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫНДЫ

Бородулиха ауылында жол-көлік инфрақұрылымын жаңғырту жұмыстары қарқын алды. Қазіргі таңда ауылшілік автомобиль жолдарын орташа жөндеу бойынша екі ірі жоба жүзеге асырылып жатыр. Жалпы ұзындығы 8 шақырымнан асатын сегіз көшеде жол жабыны жаңартылуда.

Бірінші жоба аясында Советская, Рабочая, Өуезов және Речная көшелеріне орташа жөндеу жүргізілсе, екінші жоба бойынша Подборная, Комсомольская, Достық және Тәуелсіздік көшелерінің жол төсемі жаңартылуда. Қазіргі уақытта инертті материал төсеу, жол негізін нығайту және грейдерлеу жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Жолдардың сапасын арттыруға бағытталған бұл жұмыстар көлік қозғалысының қауіпсіздігін күшейтіп, тұрғындардың қатынауына қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді. Инфрақұрылымды жаңғырту ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына да оң ықпалын тигізбек.

БІРЛІК ПЕН БЕЙБІТШІЛІК – ЖАСТАР КӨЗІМЕН

Бородулиха ауданында «Бейбітшілікті бірге бейнелейік!» атты облыстық стрит-арт фестивалі өтті.

Шараның мақсаты – жастардың шығармашылық әлеуетін дамыту, бейбітшілік пен бірлік құндылықтарын насихаттау және жас суретшілерге қолдау көрсету.

Фестиваль барысында қатысушылар үлкен баннерге достықты, татулықты және өзара құрметті бейнелейтін суреттер салып, ортақ көркем туынды жасады. Шара жас суретшілердің шығармашылық ізденісін қолдап, бейбітшілік пен татулық идеясын кеңінен насихаттауға ықпал етті.

Салтанатты ашылу рәсімінде аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Анар Қайратқызы жастарды құттықтап, шығармашылық табыс тіледі. Фестиваль жастардың қоғамдық белсенділігін арттырып, қоғамдағы келісім мен ынтымақ құндылықтарын дәріптеуге өз үлесін қосты.

«СТ»-ақпарат

АҚСУАТ

ТАЗАЛЫҚ – ТЕК СЕНБІЛІК ЕМЕС, САНАНЫҢ ӨЗГЕРУІ

«Таза Қазақстан» бағдарламасы Ақсуат ауданында қалай жүзеге асуда?

Тазалық – өркениетті қоғамның айнасы. Көшенің тазалығы, саябақтың көркі, ауылдың ажары – ең алдымен сол жерде тұратын халықтың мәдениеті мен жауапкершілігінің көрсеткіші. Мемлекет басшысы бастамашы болған «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы дәл осы жауапкершілікті қалыптастыруды көздейді. Бұл – бір күндік сенбілікпен немесе бір маусымдық акциямен шектелетін науқан емес. Бұл – әр азаматтың туған жерге деген жанашырлығын оятатын ұлттық деңгейдегі қозғалыс.

Ай-Керім СӨРСЕНҚАЛИ,
«Semei tanu»

Ақсуат ауданында аталған бағдарлама жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Жергілікті атқарушы органдардың үйлестіруімен санитарлық тазалық жұмыстары ұйымдастырылып, елді мекендерді көгалдандыру, қоғамдық орындарды күтіп ұстау, тұрғындардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру бағытында көшенді шаралар қолға алынған.

Осы мақсатта аудан әкімдігі қаулы қабылдап, көктемгі санитарлық тазалықтың екі айлығын жариялады. Арнайы іс-шаралар жоспары бекітіліп, әр аптаның сейсенбі және жұма күндері тазалық жұмыстарын өткізу күні ретінде белгіленді. Бұл жұмыстарды үйлестіру үшін комиссия құрылып, барлық ауылдық округтерге нақты міндеттер жүктелді.

Жалпы аудан көлемінде өткен сенбіліктерге мемлекеттік мекемелер, білім беру ұйымдары, денсаулық сақтау саласының қызметкерлері, мәдениет мекемелері және ауыл тұрғындары белсенді қатысты. Барлығы 38 мекеме, 9 ауылдық округ әкімдігінің аппараты және 754 тұрғын санитарлық тазалық жұмыстарына жұмылдырылды. Оларға 25 арнайы техника тартылып, көшелер, саябақтар, қоғамдық орындар мен аулалар тазартылды.

Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде 289 жеке тұрғын үйдің ауласы ретке келтіріліп, 9 саябақ пен қоғамдық демалыс орнына санитарлық тазалық жүргізілді. Бұл жұмыстар ауылдардың көркін кіргізіп қана қоймай, тұрғындардың қоршаған ортаға деген көзқарасының өзгеріп келе жатқанын байқатады.

Өрине, тазалық тек үндеумен ғана қалыптаспайды. Заң талаптарын орындау да маңызды. Сондықтан аудан әкімдігі мен құқық қорғау органдары санитарлық талаптардың сақталуын тұрақты бақылауда ұстап отыр.

Мәселен, ауылдық округ әкімдері әкімшілік құдық бұзушылықтарды электронды тіркеу жүйесі арқылы Ақсуат ауылында екі әкімшілік айыппұл рәсімдеп, бір ескерту берді. Сонымен қатар Жәңгілей мен Құмкөл



ауылдарында санитарлық талаптарды сақтамаған тұрғындарға ескертулер жасалды. Жалпы әкімдіктер тарапынан 8 ескерту беріліп, 129 мың 750 теңге көлемінде екі әкімшілік айыппұл салынды.

Бұл бағыттағы жұмыстарды аудандық полиция бөлімі де жалғастырды. Нәтижесінде Ақсуат ауылында ғана 153 тұрғын үй иесіне ескерту беріліп, 6 әкімшілік айыппұл салынды. Көкжыра, Екпін, Кіндікті, Жәңгілей, Ойшілік, Қызылқесік, Сәтбаев ауылдық округтері мен Құмкөл ауылында да санитарлық талаптарды бұзған тұрғындарға тиісті шаралар қолданылды.

Жалпы аудан бойынша 287 ескерту беріліп, 10 әкімшілік айыппұл салынып, олардың жалпы көлемі 389 мың теңгені құрады. Айыппұлдардың толық көлемде өндірілгені заң талаптарының орындалуына бақылаудың күшейгенін көрсетеді.

Дегенмен, экологиялық бағдарламаның басты мақсаты – айыппұл салу

емес, қоғамда тазалық мәдениетін қалыптастыру. Өйткені туған жердің тазалығы әр адамның өз ауласынан басталады.

Бағдарламаның маңызды бағыттарының бірі – елді мекендерді көгалдандыру. Осы мақсатта Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Ақсуат ауданына биыл 6000 түп ағаш көшетін отырғызу жоспарын бекітті. Оның ішінде көктемде – 3780 түп, күзде – 2220 түп көшет отырғызу көзделген. Жоспарға сәйкес Ақсуат ауылына екі мың түп ағаш бөлінсе, қалған сегіз ауылдық округтің әрқайсысы бес жүз түптен көшет отырғызады деп жоспарланды.

Бүгінгі күні аудан тұрғындарының белсенділігінің арқасында жоспар артығымен орындалды. Аудан көлемінде 6160 түп ағаш көшеті егілді. Оның ішінде қарағаш, терек, үйеңкі, қайың, қарағай, шырша, шынар, ясен және сәндік ағаш түрлері бар. Бұл келер ұрпаққа қалатын жасыл мұра.

БЕСҚАРАҒАЙ

«ЭКСИТОН» АСТАНА ТӨРІНДЕ

Астана қаласында еліміздің дарынды жастарының басын қосқан «Creative Aitaa» республикалық ауқымды жобасы өз жалауын желбіретті. Еліміздің мәдени әлеуетін арттыруға бағытталған бұл шығармашылық додада Абай облысы мен Бесқарағай ауданының атынан «Экситон» халық би ансамблі қатысып, өз өнерлерін жоғары деңгейде паш етті.

«Экситон» халық би ансамблі – сан жылдар бойы өзіндік қолтаңбасымен, жоғары сахналық мәдениетімен және ұлттық құндылықтарды дәріптеуімен танылған өнер ұжымы. Осы жоба аясында бесқарағайлық бишілер заманауи және ұлттық нақыштағы көркем туындыларын ұсынып, қазылар алқасы мен елордалық көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Өнерпаздар өздерінің мың бұралған би қимылдары арқылы Қазақстанда мекендейтін түрлі халықтардың бай ұлттық болмысы мен мәдениетін жоғары сахналық деңгейде көрсете білді. Әсіресе, ұжымның түрлі ұлттардың мәдениетін паш ететін ерекше сахналық образдары мен жанды инсталляциялары фестивалдің көркін қыздырып, Астана төрінде ерекше өнер мерекесін қалыптастырды.

Бесқарағайлық өнерпаздардың бұл биік белесі тек қазылар алқасын ғана емес, бүкіл жерлестерін де тәнті етті. Әлеуметтік желілерде де аудан мақтаншытарының өнеріне сүйсінген халықтың ыстық лебіздері толастар емес. Желі қолданушылары бұл ұжымды «Бимен тыныстап, көрермен жүрегің баураған нағыз тірі аңыз, үлкен тарихы бар ұжым» деп бағалап, өз ризашылықтарын білдіруде.

Шараның басты мақсаты – өңірлердегі шығармашылық ұжымдардың басын қосу, жас таланттардың тәжірибе алмасуына мүмкіндік жасау және қазақстандық заманауи өнер мен хореография мәдениетін жаңа деңгейге көтеру болып табылады.

ЖАҢАСЕМЕЙ

ТҰРАҚТЫ ТАБЫС – ЖАҢА МҮМКІНДІК

Аудан әкімі Нұржан Әбдікәрімовтың төрағалығымен Жаңасемей ауданы әкімдігінің кеңейтілген аппараттық кеңесі өтті. Кеңеске аудан басшысының орынбасарлары, дербес бөлімдердің, мекемелер мен ұйымдардың басшылары қатысты. Жиында Жаңасемей ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Гүлжан Сыздықханова өмірлік жұмыспен қамту картасының орындалу барысы мен халықтың әлеуметтік жағдайына мемлекеттік бағдарламалардың нәтижелерін таныстырды.

Ай-Керім СӨРСЕНҚАЛИ,
«Semei tanu»

-Биыл өңірлік жұмыспен қамту картасы аясында ауданда 331 жұмыс орнын ашу жоспарланған. Оның 188-і тұрақты, 143-і уақытша жұмыс орындары. 30 шілдедегі жағдай бойынша 287 жұмыс орны құрылып, жоспардың орындалу деңгейі 86,7 пайызды құрады. Оның ішінде 143 тұрақты жұмыс

орны ашылып, бұл бағыттағы жоспардың 77 пайызы орындалса, уақытша жұмыс орындары бойынша жоспар артығымен орындалып, 144 адам жұмыспен қамтылды.

Кәсіпкерлікті қолдау бағытында да жоспар толық орындалды. Жаңа бизнес-идеяларды жүзеге асыруға арналған мемлекеттік қайтарымсыз гранттар бойынша биылғы жоспарға сәйкес 5 азаматқа грант беріліп, көрсеткіш 100 пайызға жетті,-



деді Гүлжан Аманжолқызы.

Бөлім басшысының айтуынша, инфрақұрылымдық жобалар шеңберінде де оң нәтиже байқалады. Жыл басында 17 адамды жұмыспен қамту жоспарланған болса, есепті кезеңде 27 адам жұмысқа тартылып, жоспар 158,8 пайызға орындалған. Атап айтқанда, Мұздыбай ауылындағы аудандық маңызы бар автожолдарды орташа жөндеу, «Жасыл ел» бағдарламасы және Приречный ауылдық округіндегі су құбыры желілерін реконструкциялау мен кеңейту жобалары жаңа жұмыс орындарының ашылуына мүмкіндік берген.

Субсидияланатын жұмыс орындары бойынша 126 адамды қамту жоспарланып, бүгінгі таңда 117 адам жұмыспен қамтылыпты. Қоғамдық жұмыстарға 85 адам жолданып, жоспар 104 пайызға орындалған. Сонымен қатар әлеуметтік жұмыс орындарына 6 адам, жастар тәжірибесіне 5 жас маман жіберілген. «Күміс жас» жобасы аясында 21 азамат еңбекке тартылып, бұл бағыттағы жоспар да толық орындалыпты.

Баяндамашының айтуынша, «100 жұмыс орнын құру» көрсеткіші бойынша бүгінгі күнге дейін 56 адам тұрақты жұмысқа орналасқан. Ал бос жұмыс орындары арқылы жұмыспен қамту жоспары асыра орындалып, жоспарланған 83 адамның орнына 87 азамат жұмысқа орналастырылған.

– Жұмыспен қамту картасы аясындағы жоспарлы көрсеткіштерді толық орындау үшін аудандық Мансап орталығымен бірлескен жұмыс жүйелі жүргізіліп келеді. Мемлекеттік бағдарламалардың мүмкіндіктерін тиімді пайдалану арқылы тұрғындарды тұрақты жұмыспен қамтуға және кәсіпкерлікті дамытуға басымдық беріп отырмыз. Жыл соңына дейін белгіленген мекемелерге толық қол жеткізу көзделген, – деді Гүлжан Сыздықханова.

Шайза АСАНҚЫЗЫ



АБАЙ

ТУРИСТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ДАМЫП КЕЛЕДІ

Ауданның тарихи-мәдени нысандарына келушілер үшін қолайлы орта қалыптастыру мақсатында соңғы жылдары жол бойы сервистік және инженерлік инфрақұрылымды дамытуға ерекше көңіл бөлінуде.

- Бүгінде «Жидебай-Берілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығы аумағында жол инфрақұрылымы жаңартылып, автотұрақтар, санитарлық тораптар, жаяу жүргіншілер жолдары мен қоқыс жәшіктері орнатылған. Сонымен қатар қауіпсіздік жүйесін жетілдіру бағытында 2026 жылдың тамыз айының соңына дейін қорық аумағына 27 бейнебақылау камерасы мен электронды билеттендіру жүйесін орнату жоспарланып отыр.

Инфрақұрылымды жаңғырту жұмыстары «Қоңыр әулие» үңгірі маңында да жалғасуда. Мұнда жарықтандыру жүйесі жаңартылып, ағаш баспалдақтар мен демалыс алаңдары салынған. Үңгір аумағында келушілерге қызмет көрсететін 60 орындық қонақ үй мен кафе жұмыс істейді,- дейді

Бөлім басшысының айтуынша, аудан аумағында жол бойы сервистік инфрақұрылымды дамыту жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізілуде. Осы мақсатта «Семей – Қарауыл», «Аягөз – Қарауыл – Семей – Қайнар» автомобиль жолдарының бойында және «Қоңыр әулие» үңгіріне апаратын бағытта модульдік санитарлық тораптар орнатылды. Бүгінде олар тұрақты жұмыс істеп, келушілерге қажетті қызмет көрсетуде.

Көлік инфрақұрылымын жетілдіру бағытындағы маңызды жобалардың бірі – құны 350 млн теңгені құрайтын LUKOIL жанармай құю станциясы. Құрылысы 2025 жылы басталған нысан 2026 жылғы 23 қаңтарда пайдалануға беріліп, нәтижесінде 13 жаңа тұрақты жұмыс орны ашылды.

ЖАРМА

368 АДАМ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫ

Халықты тұрақты жұмыспен қамту, еңбек нарығын дамыту және азаматтардың табысын арттыру – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әрбір азаматтың еңбек етуіне жағдай жасап, еңбек адамының мәртебесін көтеру, жаңа жұмыс орындарын ашу және әлеуметтік қолдау шараларын күшейту мәселесіне ерекше назар аударып келеді. Бұл бағыттағы жұмыстар Жарма ауданында да жүйелі түрде жүзеге асырылуда.

Ай-Көркем МАҚЫШ,
«Semei tanu»

Ауданның жұмыспен қамту саласында биыл өң нәтижелер байқалып отыр. Жыл басынан бері 368 адам тұрақты жұмысқа орналасты. Бұл – еңбек нарығындағы сұранысты қамтамасыз ету мен тұрғындарды нәтижелі жұмыспен қамту бағытында атқарылған жұмыстың нақты көрсеткіші.

Жұмыссыз азаматтарды еңбекке тартуда мемлекеттік бағдарламалардың рөлі ерекше. Бүгінде аудан тұрғындары еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар бойынша қысқа мерзімді кәсіптік оқудан өтіп, жаңа кәсіп игеруге мүмкіндік алуда. Сонымен қатар ақылы қоғамдық жұмыстар, жастар практикасы, әлеуметтік жұмыс орындары, «Күміс жас» жобасы, жаңа бизнес-идеяларды жүзеге асыруға арналған қайтарымысыз мемлекеттік гранттар және тұрақты бос жұмыс орындарына жолдау сияқты тиімді тетіктер кеңінен қолданылып келеді.

Жарма ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің сектор меңгерушісі Балжан Ноғуманова бұл жұмыстардың негізгі мақсаты тұрғындарды уақытша жұмыспен қамту ғана емес, олардың тұрақты табыс табуына жағдай жасау екенін айтты.

– Біз жұмыс іздеушілерге мамандық таңдаудан бастап, оқыту, қайта даярлау және тұрақты жұмысқа орналасуға дейін көшенді қолдау көрсетеміз. Әсіресе жастардың, көпбалалы отбасылардың және әлеуметтік осал топтардың еңбек нарығына бейімделуіне ерекше көңіл бөлінеді, – деді Балжан Нұрбекқызы.

Бүгінде аудан бойынша бірқатар мамандықтарға сұраныс жоғары. Атап айтқанда, есепшілер, заңгерлер, орыс тілі мен әдебиеті, информатика, математика, химия, география және физика пәндерінің мұғалімдері, сондай-ақ дәрігерлер, стоматолог-



тар, хирургтер, логопедтер, акушер-гинекологтар, эпидемиологтар мен «Д» санатындағы жүргізушілер қажет. Сонымен бірге ұлттық өнерді дамыту мақсатында қобыз, шертер секілді аспаптарда ойнайтын музыканттарға да сұраныс сақталуда.

Қысқа мерзімді кәсіптік оқыту – жұмыспен қамту бағытындағы маңызды тетіктердің бірі. Биыл аудан бойынша 25 адамды оқыту жоспарланып, олардың барлығы жұмыс берушілердің сұранысына сәйкес мамандықтарды меңгерді. Оның ішінде 10 азамат ауыл шаруашылығы трактор жүргізушісі, 9 адам аспаз, 6 адам тігінші мамандығын игерді. Курсты аяқтағандардың барлығы тұрақты жұмысқа орналасты.

Маманның айтуынша, бұл бағдарламаның тағы бір артықшылығы – мемлекет тарапынан көрсетілетін жан-жақты қолдау. Оқу ақысы толықтай мемлекет есебінен төленеді. Сонымен қатар қатысушыларға жол жүру, тұру шығындары мен медицина-

налық тексеруден өтуге материалдық көмек беріледі. Бұл азаматтардың жаңа кәсіпті ешқандай қаржылық кедергісіз меңгеруіне мүмкіндік береді. Ауданда көші-қон саясаты аясындағы жұмыстар да нәтижесін беруде. «Жұмыс күшінің ұтқырығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аударуы» қағидасы бойынша биыл ауданға 25 адамды көшіру жоспарланған болатын.

– Қазіргі уақытта 10 отбасыдан құралған 27 адам қоныс аударып, жоспар 108 пайызға орындалды. Сонымен қатар қандастарды қабылдау жұмыстары жалғасуда. Жоспарланған 30 адамның орнына бүгінгі күнге 10 отбасыдан 23 адам Жарма ауданына көшіп келіп, жаңа өмір бастады, – деді Балжан Ноғуманова.

Әлеуметтік қорғау саласында да халықты қолдау шаралары тұрақты жүргізілуде. Атаулы әлеуметтік көмек көрсету, мүгедектігі бар азаматтарды оңалту құралдарымен қамтамасыз ету, арнайы әлеуметтік қызметтер

ұсыну, қарттар мен өмірлік қиын жағдайға тап болған тұрғындарды қолдау – негізгі бағыттардың бірі.

Соңғы жылдары еңбек адамының мәртебесін көтеруге ерекше көңіл бөлініп келеді. Осы мақсатта аудан көлемінде еңбек адамдарын дәріптеуге, жұмысшы мамандықтарының беделін арттыруға және жастарды еңбекке баулуға арналған кездесулер, ақпараттық іс-шаралар мен түсіндіру жұмыстары тұрақты ұйымдастырылуда.

Мемлекеттік бағдарламалар туралы ақпараттың қолжетімділігі де назардан тыс қалған жоқ. Тұрғындар жұмыспен қамту мәселелері бойынша Мансап орталығына, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне, Халыққа қызмет көрсету орталықтарына жүгіне алады. Сонымен қатар қажетті мәліметтер eGov порталы, Enbek.kz электрондық еңбек биржасы және мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарында тұрақты жарияланып келеді.

Алдағы уақытта Жарма ауданында жұмыспен қамту саясатын жетілдіру, еңбек нарығына қажетті жаңа мамандар даярлау, мемлекеттік қолдау тетіктерін кеңейту және тұрғындардың табысын арттыруға бағытталған бағдарламаларды тиімді іске асыру жалғасады. Сондай-ақ «2029 жылға дейінгі халықтың кірісін арттыру бағдарламасы» аясында жаңа мүмкіндіктерді пайдалану, еңбек өнімділігін арттыру және азаматтарды тұрақты жұмыспен қамту негізгі міндеттердің бірі болып қала береді.

Жұмыспен қамту – тек әлеуметтік мәселе ғана емес, ауданның экономикалық тұрақтылығының маңызды көрсеткіші. Сондықтан еңбекке қабілетті әрбір азаматтың тұрақты жұмысқа орналасуына жағдай жасау, жаңа кәсіптерді игеруге мүмкіндік беру және мемлекеттік қолдау тетіктерін тиімді пайдалану бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады.



ЖАРМА

БЮДЖЕТТІК ТӘРТІП – БАСТЫ ТАЛАП

Аудан әкімдігінде аппарат басшысы Қ.Шаймұратовтың төрағалығымен қаржылық сауаттылықты арттыруға арналған жұмыс кеңесі өтті. Жиынға қала, кент және ауылдық округ әкімдері, бөлім және мекеме басшылары, сондай-ақ есепшілер қатысты.

Кеңесте қазынашылық, мемлекеттік кірістер, статистика, экономика және қаржы салаларының өкілдері өз бағыттары бойынша баяндама жасап, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы, бюджеттің орындалуы, қаржылық тәртіп, салық түсімдерін ұлғайту және мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылу барысын талқылады.

Жиын қорытындысында жауапты тұлғаларға бюджеттік қаражаттың тиімді игерілуін қамтамасыз ету, салықтық түсімдерді арттыру және қаржылық есептіліктің сапасын жақсарту бойынша нақты тапсырмалар жүктелді.

БОС ОРЫНДАР ЖӘРМЕҢКЕСІ ӨТТІ

Жарма ауданының Мансап орталығы аудандық Жастар ресурстық орталығының ғимаратында бос жұмыс орындары жәрмеңкесін ұйымдастырды.

Жәрмеңке барысында қатысушыларға Enbek.kz порталы арқылы 31 жұмыс беруші ұсынған 95 бос жұмыс орны ұсынылып, жұмыспен қамтудың белсенді шаралары бойынша кеңес берілді. Сондай-ақ мемлекеттік бағдарламаларға қатысу тәртібі мен еңбек нарығындағы мүмкіндіктер жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Іс-шара қорытындысында бір азамат тұрақты жұмысқа орналастырылып, екі жас жастар практикасына жолдама алды. Сонымен қатар жұмыс іздеушілерге олардың біліктілігі мен мамандығына сәйкес жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін түсіндіріліп, жеке кеңестер берілді.

ЖАҢАСЕМЕЙ

САҚТЫҚ – ҚАУІПСІЗДІК КЕПІЛІ

Жаңасемей аудандық жастар ресурстық орталығының мамандары аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлерімен бірлесіп, Озерки ауылдық округіне қарасты су айдындары мен шоғылу орындарында профилактикалық рейд өткізді.

Іс-шараның мақсаты – тұрғындар, әсіресе жастар арасында судағы қауіпсіздік мәдениетін қалыптастырып, жазатайым оқиғалардың алдын алу. Рейд барысында демалушыларға суға шоғылу кезінде сақталуы тиіс қауіпсіздік талаптары түсіндіріліп, арнайы жадынамалар таратылды. Мамандар тек рұқсат етілген орындарда шомылу, балаларды қараусыз қалдырмау, мас күйде суға түспеу және төтенше жағдай туындаған жағдайда жедел қызметке хабарласу қажеттігін ескертті.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай профилактикалық рейдтер жазғы шомылу маусымы аяқталғанға дейін аудан аумағында тұрақты түрде жалғасады.

«ЖАСЫЛ ЕЛ» МАУСЫМЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

Жаңасемей ауданында жастарды маусымдық жұмыспен қамтуға бағытталған «Жасыл ел» еңбек жасағының биылғы жылғы жұмыс маусымы аяқталды. Биыл бағдарлама аясында аудан бойынша 60 жас жұмыспен қамтылып, туған өлкені абаттандыру мен көгалдандыру жұмыстарына белсене қатысты.

Маусым айында еңбек жасағына 18 жас, шілде айында 42 жас қабылданды. Жасылдәлдіктер Қайнар, Озерки, Мұқыр, Шамаман және Приречный ауылдарында көшелерді тазалау, қоғамдық орындарды абаттандыру, жасыл желектерді күтіп-баптау және қоршаған ортаның тазалығын сақтауға бағытталған жұмыстарды атқарды.

Жұмыс маусымының қорытындысында еңбек жасағының сарбаздарына белсенді еңбегі мен туған жердің көркеюіне қосқан үлесі үшін алғыс айтылып, олардың жауапкершілігі мен азаматтық белсенділігі жоғары бағаланды.

КӨКПЕКТІ

ТУҒАН ЖЕРГЕ ТARTY

Көкпекті ауданының әкімі Нұрбек Қошқарбаев жұмыс сапары барысында Бигаш ауылдық округіне қарасты Егінбұлақ ауылында болып, ауылдың кіреберісінде жақындық пайдалануға берілген жаңа демалыс орнымен танысты.

Ауыл тұрғындарының игілігіне арналған бұл нысан ауыл жанындағы Дамир Геккельдің демеушілігімен және жергілікті тұрғындардың қолдауымен жүзеге асқан. Соның нәтижесінде ауыл халқы мен қонақтарының тынығып, табиғат аясында уақыт өткізуіне арналған көрікті әрі жайлы демалыс орны бө көтерді.

Аудан әкімі бұл бастаманың өңір басшысы Берік Уәлидің «Туған жерге туынды тік» қағидаты аясындағы үндеуінің жүзеге асқандығының нақты көрінісі екенін атап өтті. Сондай-ақ туған жердің көркеюіне үлес қосқан азаматқа ризашылығын білдіріп, мұндай игі істердің ауданның өзге ауылдарында да жалғасатынына сенім білдірді.

«ST»-ақпарат

Д.ЖАҚЫП



– «Жасыл ел» құрамында еңбек етіп жүргеніме қуаныштымын. Бұл жерде біз тек еңбек етіп қана қоймай, туған ауылымыздың көркеюіне өз үлесімізді қосып жүрміз. Бірге жұмыс істеу арқылы жауапкершілігіміз, ұйымшылдыққа үйрендік. Еңбегіңнің нәтижесін өз көзіңмен көру ерекше әсер сыйлайды. Табиғатты қорғау, тазалықты сақтау және қоғамдық іске белсенді қатысу сияқты қасиеттер дәл осындай жобалар арқылы қалыптасады.Осындай жобалардың жастар үшін маңызы зор деп ойлаймын, – дейді жас сарбаз Аружан Серікбай.

Жастардың еңбегі нәтижесінде Ұржар ауылының көшелері мен саябақтары көркейіп, тұрғындар үшін қолайлы әрі таза орта қалыптасты. Бұл – бір жағынан экологиялық мәдениеттің қалыптасуына ықпал етсе, екінші жағынан жастардың қоғам өміріне белсенді араласуына мүмкіндік береді.

«Жасыл ел» жобасы – еңбек пен тәрбиені ұштастырған игі бастама. уақытша жұмыспен қамтып қана қоймай, қоршаған ортаға жанашырлықпен қарауға, туған жердің гүлденуіне үлес қосуға үндейді. Сондықтан бұл жоба алдағы уақытта да өз маңызын жоғалтпай, жас ұрпақтың бойында еңбекқорлық пен елжандылық қасиеттерін қалыптастыратын маңызды бастамалардың бірі болып қала бермек.



АУЫЛ ӘКІМІ, АУЫЛЫҢ ҚАЛАЙ?

КӨКЖЫРА – ӨНЕРІ ӨРКЕНДЕГЕН, БІРЛІГІ БЕКЕМ АУЫЛ



ТӨРТ ТҮЛІГІН ТҮЛЕТІП, ТӨЛ БАСПАСӨЗІН ЖАППАЙ ОҚИТЫН АУЫЛ ӘКІМІ ДУЛАТ ЕШЕНҰЛЫ ШІДЕРОВПЕН СҰХБАТЫМЫЗ БҮГІНГІ КӨКЖЫРАНЫҢ ТІРШІЛІГІ МЕН БОЛАШАҒЫ ЖАЙЛЫ БОЛМАҚ..

Көкжыра – Ақсуат өңіріндегі тарихы терең, тамыры берік, береке-бірлігі жарасқан ауылдардың бірі. Кеңестік кезеңде іргелі шаруашылықтардың қатарында болған елді мекен тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы сынағы көп өтпелі кезеңде де еңсесін түсірген жоқ. Көптеген ауылдарда шаруашылық тарап, төрт түлік тоз-тоз болған шақта бұл ауыл «Көкжыра» кооперативін құрып, мал-мүлкін сақтап қалып, ауызбірліктің арқасында ортақ мүддені бәрінен биік қой-атынын байқатты. Соның нәтижесінде отар-отар қойы, үйір-үйір жылқысы, табын-табын сиыры түгел аман, ауылдың экономикалық тірегі әлсіреген жоқ.

Көкжыра – Ақсуат өңіріндегі береке-бірлігі жарасқан, еңбек пен руханиятты қатар ұлықтаған ауыл. Өтпелі кезеңде «Көкжыра» кооперативінің тұтастығын сақтап, төрт түлігінен айырылмаған елді мекен бүгінде ұлттық баспасөзді ауыл болып жаздырып алып, газет оқу мәдениетін қалыптастырған санаулы ауылдардың бірі.

Бүгінде сол бірліктің жемісі анық байқалады. Өрісі малға толып, шаруашылығы шалқыған Көкжырада еңбекке деген құрмет пен елдік дәстүр сабақтастығы сақталған. Соңғы жылдары әлеуметтік инфрақұрылым жаңарып, мәдениет пен спорт саласына тың серпін беріліп, қоғамдық белсенділік те арта түсті. Ауылдың бүгінгі тыныс-тіршілігі, атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар туралы Көкжыра ауылдық округінің әкімі Дулат Ешенұлы ШІДЕРОВПЕН әңгімелескен едік.

- Бүгінде ауылдың әлеуметтік-рухани дамуына қандай баға берер едіңіз? Соңғы жылдары қандай оң өзгерістер орын алды?

- Көкжыра ауылында соңғы жылдары әлеуметтік және рухани даму бағытында айтарлықтай оң өзгерістер орын алуда. Мемлекеттік бағдарламалар аясында инфрақұрылым жақсарып, ауылдың санитарлық тазалығы мен абаттандырылуына ерекше көңіл бөлінуде. Сонымен қатар мәдени-көпшілік іс-шаралардың саны артып, тұрғындардың қоғамдық өмірге белсенді араласуы күшейді. Ауыл халқы ұлттық құндылықтарды дәріптеуге, салт-дәстүрді сақтауға ерекше мән береді.

Президент тапсырмалары аясында ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған мәдени және тәрбиелік іс-шаралар тұрақты түрде өткізіліп келеді. Наурыз мерекесі, Ұлттық домбыра күні, Республика күні, Тәуелсіздік күні секілді айтулы мерекелер кең көлемде ұйымдастырылады. Сонымен қатар мектептер мен мәдениет үйінде ұлттық өнерді, салт-дәстүрді насихаттайтын кездесулер, деңгелек үстелдер мен тәрбиелік шаралар жүйелі түрде өткізіледі.

- Мәдениет үйі, кітапхана, музей секілді рухани орталықтардың бүгінгі тыныс-тіршілігі қандай? Тұрғындардың қызығушылығы артып келе ме?

- Біздің ауылымызда ұзақ жылдар бойы, нақтырақ айтқанда 16 жыл Мәдениет үйінің ғимараты болған жоқ. Дегенмен Көкжыра – өнер қонаған ауыл. Осы уақыт ішінде Мәдениет үйіміз жоқ деп қол қусырып отырған жоқпыз. Барлық мәдени іс-шараларды мектептің салтанат залында, тұрғын үйлерде және өз күшімізбен жөндеп алған ғимаратта үздіксіз өткізіп келдік. Осы кезеңде 30 өнерпаздар құралған ұжымымызбен көршілес ауылдарға гастрольдік сапарлар жасап, концерттік бағдарламалар ұсындық. Бұл саланы ерекше айтуымның себебі – осы қызметке келгенге дейін 18 жыл мәдениет саласында еңбек еттім.

Ауылымыздағы 10 мыңнан астам кітап қоры бар кітапхана тұрғындарға ұзақ жылдан бері тұрақты қызмет көрсетіп келеді. Сонымен қатар ауылдық округке қарасты Елеке сазы жайлауынан табылған «Алтын адам» – еліміздің тарихи-мәдени мұрасы. Белгілі археолог, тарих ғылымдарының докторы Әбдеш Төлеубаевтың қажырлы еңбегінің нәтижесінде мемлекет қаражатына ауыл орталығында жаңа археологиялық музей салынды. Бүгінде музей ауыл тұрғындары мен арнайы келетін қонақтарға сапалы қызмет көрсетуде. Бұл рухани орталықтарда мәдени кештер, кітап көрмелері, танымдық кездесулер тұрақты ұйымдастырылып келеді. Жастар мен оқушылардың қызығушылығы жылдан-жылға артып келеді.

- Ауыл жастарының бос уақытын тиімді ұйымдастыру үшін қандай мәдени және спорттық жобалар жүзеге асырылуда?

- Жастар арасында спорттық жарыстар, шығармашылық байқаулар, патриоттық кездесулер, дебаттар және ұлттық ойындар тұрақты ұйымдастырылады. Жаз мезгілінде футбол, волейбол, қазақша күрес, тоғызқұмалақ жарыстары өткізіліп, жастардың белсенділігі артып келеді. Ұлттық спорт түрлерін дамытуға да шамамыз келгенше қолдау көрсетіліп келеді. Ауыл жастарының облыстық, республикалық жарыстардағы жетістіктері де бар.

Атап айтқанда ұлттық спорт түрлері қазақша күрес, асық ату, тоғызқұмалақ секілді ұлттық спорт түрлерінен жарыстар тұрақты өткізіліп тұрады. Ауылымыздағы 90 жылдық тарихы бар Мұхтар Әуезов атындағы «Көкжыра» орта мектебінде осы спорт түрлері бойынша үйірмелер тұрақты жұмыс істейді. Қазақ күресі десек, жерлестеріміз Хамит Ысқақов пен Қайрат Құнафинның ізбасарлары бүгінде облыстық және республикалық деңгейдегі байрақты бәсекелерде жеңіс туын желбіретіп жүр. Жалпы ауыл жастары аудандық және облыстық жарыстарда үнемі жүлделі орындарға ие болып келеді.

Бұқаралық спортты дамыту мақсатында да ауыл тұрғындары арасында жарыстар мен ауылшілік турнирлер жүйелі түрде ұйымдастырылады. Бұл шараларға жастармен қатар ересектер де белсенді қатысады. Мұндай жұмыстар тұрғындардың салауатты өмір салтын ұстануына оң ықпал етуде.

- Соңғы жылдары ауылда қандай жаңа мәдени немесе спорт нысандары пайдалануға берілді?

- Облыс әкімі Берік Ұәлиұлы Ақсуат ауданына жасаған алғашқы жұмыс сапары барысында Көкжыра ауылына арнайы ат басын бұрды. Сол кезде ауыл ақсақалдары Мәдениет үйінің жоқтығын өзекті мәселе ретінде көтеріп, облыс басшысына өтініш білдірген болатын. Берік Ұәлиұлы руханиятқа ерекше жақын азамат ретінде бұл бастаманы бірден қолдады.

Нәтижесінде бір жылдың ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында ауылымызда екі қабатты жаңа Мәдениет үйі салынып, бүгінде халық игілігіне қызмет көрсетіп келеді. Сонымен қатар соңғы жылдары ауылдың қоғамдық орындарын абаттандыруға басымдық берілуде. Көкжыра – өнер мен спорт саңлақтарын тәрбиелеген ауыл. Ендігі мақсатымыз – заманауи спорт кешенінің салынуы. Бұл арманымыз да алдағы уақытта жүзеге асады деген сенімдеміз.

- Отбасылық құндылықтарды дәріптеу, жас отбасыларды қолдау бағытында қандай іс-шаралар өткізіліп келеді?

- «Мерейлі отбасы», Аналар күні, Әкелер күні секілді іс-шаралар ұйымдастырылып, үлгілі отбасылар көнінен насихатталады. Сонымен қатар жас отбасылармен кездесулер өткізіліп, отбасы институтын нығайтуға бағытталған жұмыстар жүйелі түрде жүргізіледі. Көп балалы, үлгілі отбасыларды насихаттау, жастарға өнеге ету жұмыстары да ерекше назарымызда. Көп балалы және үлгілі отбасылар мерекелік іс-шараларда арнайы марапатталып, олардың өмірлік тәжірибесі жастарға өнеге ретінде насихатталады. Бұл өз кезегінде жастардың отбасы құндылықтарына деген құрметін арттыруға ықпал етеді.

- Ауыл ақсақалдары мен аналар көңесінің қоғамдық өмірдегі рөлі қандай? Олардың бастамалары нақты қандай нәтижелер беріп отыр?

- Ақсақалдар мен Аналар кеңесі ауылдағы қоғамдық келісімді нығайтуда маңызды рөл атқарып келеді. Олар жастар тәрбиесіне белсенді араласып, ұлттық салт-дәстүрдің сақталуына және қоғамдық мәселелердің оң шешілуіне зор үлес қосуда. Ауылымыздағы «Бәйтерек» ағалар ансамблі мен «Асыл әжелер» ансамблі бүгінде Көкжыраның мақтанышына айналып, жас ұрпаққа ұлттық тәрбие мен өнердің үлгісін көрсетіп келеді.

- Жастар арасында ұлттық салт-дәстүрді, үлкенге құрмет пен кішіге ізетті қалыптастыру бағытында қандай жобалар іске асырылуда?

- Мектеп пен мәдениет үйінің ұйымдастыруымен салт-дәстүрге арналған танымдық кештер, ұлттық ойындар, шеберлік сағатта шеберлік сағаттары, ақындармен және зиялы қауым өкілдерімен кездесулер тұрақты өткізіледі. Республикаға белгілі айтыскер ақын, марқұм Сембай Жансақов – біздің ауылдың перзенті. Оның есіміне арналған аудандық, облыстық және аймақтық жас ақындар айтысы 11 жыл қатарынан ұйымдастырылып келеді. Соның нәтижесінде ақындық өнерге құштар көптеген жас талпакерлердің есімі елге танылып, үлкен өнер жолына қадам басты.

Жалпы Көкжыра ауылында тағылымды бастамалар көп. Мысалы, ауылында Ұлы Отан соғысының ардагері, Ленин орденінің иегері Сағат Құрмашұлының және ауыл шаруашылығы саласының үздігі, ел басқару ісінде өнегелі із қалдырған Нәзіл Жұмағалиевтің жарқын өмір жолын кейінгі ұрпаққа насихаттау мақсатында олардың фотосуреттері, өмірбаяны мен еңбек жолы қамтылған ақпараттық билбордтар орнатылды. Бұл игі істі қос ардақты азаматтың ұрпақтары қолға алып, туған ауылына деген құрметі мен перзенттік парызын айқын көрсетті. Ақпараттық билбордтар ауылдың көрнекті жеріне орналастырылып, тұрғындар мен жастарға елге адал қызмет еткен тұлғалардың өмірі мен еңбегінен тағылым алуға мүмкіндік береді.

Өткенін ұлықтап, елге еңбегі сіңген азаматтардың есімін ұмытпай, кейінгі ұрпаққа өнеге ету – баршамыздың ортақ міндетіміз. Осындай игі бастамалар ауылымыздың рухани құндылықтарын дәріптеп, жастардың туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыруға түсетіні сөзсіз.

Көкжыра ауылының дамуына өлшеусіз үлес қосқан ардақты азаматтардың есімдері ел жадында мәңгі сақталып, кейінгі буынға үлгі болып қала береді. Болашақта бұл жерлер айналасына ағаштар егіліп, абаттандырылатын болады. Жарқын істер жалғасын табатынына сенім білдіреміз.

- Қазіргі таңда ауыл мәдениеті мен спортын дамытуда қандай өзекті мәселелер бар? Оларды шешудің жолдары қандай? Жалпы ауыл мәдениеті қандай болуы керек деп ойлайсыз?

-Ауыл мәдениеті - тек концерт ұйымдастыру немесе мереке өткізу емес. Ол - ауылдың рухани өмірі, ұлттық болмысы мен ұрпақ тәрбиесінің өзегі. Сондықтан бүгінгі ауыл мәдениеті бірнеше басты бағытқа сүйенуі тиіс: ұлттық құндылықтарды дәріптеу. Бұл орайда домбыра, айтыс, көпелер, ұлттық ойындар, салт-дәстүр жастар өмірінің бір бөлігіне айналуы қажет.

Бұл іске жастарды тарту. Мәдениет үйі тек мереке күндері ғана емес, күнделікті

жұмыс істейтін шығармашылық орталық болуы керек. Би, ән, театр, дебат, кітап клубтары тұрақты жұмыс істесе, жастардың бос уақыты тиімді ұйымдастырылады.

Заманауи формат. Ауыл мәдениеті заман ағымынан қалмауы тиіс. Ашық аспан астындағы концерттер, кино кештері, әдеби кездесулер, подкасттар мен әлеуметтік желідегі жобалар мәдениеттің жаңа тынысын ашады.

Отбасылық құндылықтарды нығайту. Әкелер форумы, аналар клубы, отбасылық фестивальдер, көпбалалы және үлгілі отбасыларды насихаттау қоғамның бірлігін күшейтеді.

Жергілікті тарих пен тұлғаларды насихаттау. Әр ауыл өз батырларын, ақындарын, еңбек адамдарын мақтан тұтып, олардың өнегесін кейінгі ұрпаққа жеткізуі қажет.

Мәдениет - ауылдың бренді болуы тиіс. Әр ауылдың өзіндік ерекшелігін көрсететін дәстүрлі фестиваль, этношара немесе туристік мәдени жобасы болғаны дұрыс.

Мәдениетті мықты ауыл - тәрбиелі ұрпақтың, берекелі қоғамның және бірлігі бекем елдің негізі. Сондықтан ауыл мәдениеті тек мәдениет үйінің жұмысы емес, бүкіл ауыл болып атқаратын ортақ іс болуы керек.

Қазіргі таңда материалдық-техникалық базаны жаңарту, спорт инфрақұрылымын жетілдіру және жастарға арналған үйірмелер санын көбейту өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Бұл бағытта мемлекеттік бағдарламалар мен демеушілердің қолдауын тиімді пайдалану маңызды.

- Мемлекеттік бағдарламалар мен демеушілердің қолдауымен жүзеге асқан табысты жобаларды атап өтсеңіз.

- «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы аясында ауылды абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары жоғары деңгейде жүргізілуде.

Быыл «Ауыл - Ел бесігі» мемлекеттік бағдарламасы аясында ауылымыздағы бір көшеге асфальт төселіп, құрылыс жұмыстары аяқталуға жақын. Көп балалы отбасыларға арналып жаңадан үйлер салынып иелерін анықтау "Отбасы банк" арқылы жүзеге асуда.

Біз негізінен мал шаруашылығымен айналысатын ауыл болғандықтан барлық қыстаулықтарымыз таулы мекенде. Өткен жылы аудан әкімі Е.Ескендіровтың қолдауымен 2010 жылдан бері шешімін таппай келе жатқан бір мәселе сол қыстауларға қиындықсыз жеткізетін "Мұздысай" жолына жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Ауылдың сыртқы және ішкі тазалығы - біздің күн тәртібінен түспейтін басты мәселелеріміздің бірі. «Ауыл мәдениеті ауылдың кіреберісінен басталады» деген қағиданы басшылыққа ала отырып, өткен жылы ауыл азаматтарының демеушілігімен Үлкен Көкжыра мен Жаңа Көкжыра ауылдарының кіреберіс қақпалары жаңартылды. Сонымен қатар аудандық бюджет есебінен бөлінген қаражатқа ауыл кіреберісіндегі тал қоршаулары толық жаңартылып, 13 бөлікке бөлінген аумақтарды мектеп түлектері мен ауыл азаматтары қамқорлықтарына алып, әртүрлі ағаш көшеттерін отырғызды. Мектебімізді 1991 жылы бітірген түлектер үлкен Көкжыра мен жаңа Көкжыраның арасына ұзындығы 510 метр болатын жаяу жүргіншілер жолын жасап берді. Былтырғы жылы 1985 ші жылғы түлектер ауыл кіреберісінен "Қонақжай" нысанын салып халық игілігіне ұсынды. Өткен жылы аудан бюджеті есебінен қаражат бөлініп бір көшеміз жарықтандырылып, екі балалар ойын алаңы және мал қамау орыны жасалынды.


Бұдан бөлек әлеуметтік нысандарды жөндеу және қоғамдық орындарды көркейту бағытында бірқатар жұмыстар атқарылды.

- Ауданның әлеуметтік дамуына қолдау көрсетіп, туған жеріне қамқорлық танытып жүрген демеуші азаматтар бар ма?

- Әрине, мұндай азаматтар ауданымызда аз емес. Солардың бірі - Шығыс Қазақстан облысының Құрметті азаматы, жерлесіміз Бәделхан Камалханұлы. Бәделхан Камалханұлы жыл сайын өз қаражаты есебінен әлеуметтік жағынан аз қамтылған және көп балалы отбасыларға қайырымдылық көмек көрсетіп келеді. Бұл - туған жерге деген жанашырлықтың, азаматтық жауапкершіліктің жарқын үлгісі.

Сондай-ақ ішкі істер саласында ұзақ жылдар абыройлы басшылық қызмет атқарған жерлесіміз, марқұм Сабуров Дәлелхан Камалбекұлының есімін ұлықтау мақсатында облыстық жастар арасындағы дәстүрлі волейбол турнирі тұрақты түрде өткізіліп келеді. Мұндай игі бастамалар елге еңбегі сіңген азаматтардың есімін дәріптеп қана қоймай, туған жердің дамуына жанашырлық танытудың жарқын үлгісі болып табылады.

- Ауыл тұрғындарының қоғамдық



белсенділігі қандай? Сенбілік, қайырымдылық, мәдени-көпшілік шараларға қатысу деңгейі көңіліңізден шыға ма?

-Көкжыра тұрғындары қоғамдық жұмыстарға өте белсенді қатысады. Сенбіліктерге, қайырымдылық акцияларына, ұлттық мерекелерге және мәдени-көпшілік іс-шараларға тұрғындардың қатысу деңгейі жоғары. Бұл ауылымыздағы ауызбіршілік пен қоғамдық жауапкершіліктің жоғары екенін көрсетеді.

- Ауылды сақтап қалатын ең басты құндылық не деп ойлайсыз?

-Ауылды сақтап қалатын ең басты құндылық – бірлік, еңбек, туған жерге деген сүйіспеншілік және ұлттық дәстүрге деген құрмет. Осы құндылықтар ұрпақтан ұрпаққа жалғасқанда ғана ауылдың болашағы баянды болады.

- Облыс тұрғындарына айтар тілегіңіз...

- Көкжыра - халқы еңбекқор, ауызбіршілігі жарасқан, ұлттық құндылықтарды қастерлей білетін қасиетті ауыл. Соңғы жылдары мемлекеттік бағдарламалар мен облыс әкімінің бастамаларының арқасында ауылымызға жаңа отбасылар қоныс аударып, еңбекке араласып жатыр.

Барша облыс тұрғындарын Көкжыраға келіп, табиғаты көркем өлкемізді, қонақжай халқымызды және ұлттық дәстүрге деген ерекше құрметімізді көруге шақырамын.

- Сұхбатыңызға рақмет!
Риза АСАҢҒЫЗЫ,
«Semei tańy»

БЛИЦ

- Көкжыраны үш сөзбен сипаттасаңыз?

- Бірлік. Еңбек. Өнер.

- Ауылыңыздың басты мақтанышы?

- Еңбекқор әрі ұйымшыл халқы.

- Ауылды сақтап қалатын ең басты құндылық не деп ойлайсыз?

- Ауылды сақтап қалатын ең басты құндылық – бірлік, еңбек, туған жерге деген сүйіспеншілік және ұлттық дәстүрге деген құрмет. Осы құндылықтар ұрпақтан ұрпаққа жалғасқанда ғана ауылдың болашағы баянды болады.

- Облыс тұрғындарына айтар тілегіңіз...

- Көкжыра - халқы еңбекқор, ауызбіршілігі жарасқан, ұлттық құндылықтарды қастерлей білетін қасиетті ауыл. Соңғы жылдары мемлекеттік бағдарламалар мен облыс әкімінің бастамаларының арқасында ауылымызға жаңа отбасылар қоныс аударып, еңбекке араласып жатыр.

- Ауылды сақтап қалатын ең басты құндылық не деп ойлайсыз?

- Ауылды сақтап қалатын ең басты құндылық – бірлік, еңбек, туған жерге деген сүйіспеншілік және ұлттық дәстүрге деген құрмет. Осы құндылықтар ұрпақтан ұрпаққа жалғасқанда ғана ауылдың болашағы баянды болады.

- Облыс тұрғындарына айтар тілегіңіз...

- Көкжыра - халқы еңбекқор, ауызбіршілігі жарасқан, ұлттық құндылықтарды қастерлей білетін қасиетті ауыл. Соңғы жылдары мемлекеттік бағдарламалар мен облыс әкімінің бастамаларының арқасында ауылымызға жаңа отбасылар қоныс аударып, еңбекке араласып жатыр.

АСҚАР ҚАЙЫРҰЛЫ 80 ЖАСТА

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР ИЕСІ

Дәрігер мамандығы – адам өміріне деген жауапкершілікті, терең білімді және үлкен жүректі талап ететін қасиетті кәсіп. Адамның денсаулығын сақтау, дертіне дауа табу, қиын сәтте үміт сыйлау – ақ халатты абзал жандардың басты міндеті. Саналы ғұмырын медицина саласына арнап, халық денсаулығы жолында адал еңбек еткен азаматтардың бірі – Асқар Қайырұлы Мақашев.

Асқар Қайырұлы 1946 жылдың 7 тамызында бұрынғы Семей облысы Абыралы ауданының Қайнар ауылында дүниеге келген. Әкесі Қайыр Мақашев Ұлы Отан соғысынан кейін мемлекеттік банк жүйесінде еңбек етіп, кейін қызмет бабымен Шұбартау ауданының Баршатас ауылына қоныс аударады. Әке тәрбиесі мен отбасындағы еңбекқорлық, адамгершілік қасиеттер болашақ дәрігердің азамат болып қалыптасуына үлкен ықпал етті.

1964 жылы Баршатас ауылындағы С.М.Киров атындағы орта мектепті күміс медальмен тамамдаған жас талапкер Семей мемлекеттік медицина институтына оқуға түсіп, дәрігерлік жолды саналы түрде таңдады.

Еңбек жолын 1970-1973 жылдары Аягөз ауданының Таскескен ауылында бас дәрігер қызметінен бастаған Асқар Қайырұлы алғашқы күннен-ақ өз ісіне жауапкершілікпен қарап, халық денсаулығын сақтауды өмірлік мұратына айналдырды. 1973-1974 жылдары Семей облыстық сүйек туберкулезі ауруханасында хирург-дәрігер болып еңбек етіп, күрделі операцияларға қатысып, талай жанның өміріне араша түсті. Ғылым мен тәжірибені қатар ұштастыруды мақсат еткен ол 1974-1978 жылдары Семей мемлекеттік медицина институтының топографиялық анатомия және операциялық хирургия кафедрасында ассистент болып қызмет атқарып, болашақ дәрігерлерді даярлауға өз үлесін қосты.

1978-1984 жылдары Жаңасемей аудандық ауруханасы бас дәрігерінің орынбасары ре-



тінде емдеу ісін ұйымдастыруға және медициналық қызмет сапасын арттыруға күш салды. Ал 1984-1988 жылдары облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру мекемесінің бас

дәрігері қызметін атқарып, халық арасында денсаулық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған маңызды бастамалардың жүзеге асуына атсалысты.

Кейін облыстық партия комитетінде денсаулық сақтау саласына жетекшілік етіп, облыстық тері-венерологиялық диспансер мен облыстық клиникалық аурухананың бас дәрігері қызметтерін абыроймен атқарды. 1997 жылдан бастап Семей қалалық денсаулық сақтау басқармасы басшысының бірінші орынбасары болып еңбек етіп, кейін қалалық №3 перзентхананың бас дәрігері қызметінен құрметті еңбек демалысына шықты.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін де медицина саласынан алыстамай, 2009-2013 жылдары №2 аурухана бас дәрігерінің орынбасары болды. Бүгінде қоғамнан қол үзбей, Абай облыстық ардагерлер кеңесі төралқасының мүшесі, денсаулық сақтау комиссиясының төрағасы ретінде сала ардагерлерінің тәжірибесін насихаттап, қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысып келеді.

Ұзақ жылғы адал еңбегі мемлекет тарапынан жоғары бағаланды. Ол «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісінің үздігі» атағына ие болып, мемлекеттік «Шапағат» медалімен, Денсаулық сақтау министрлігінің, облыс және қала әкімдіктерінің Құрмет грамоталарымен марапатталды. Сондай-ақ ардагерлер қозғалысына және өңірдің дамуына қосқан үлесі үшін бірқатар мерейтойлық медальдардың иегері атанды.

Быыл сексеннің сенгіріне көтеріліп отырған Асқар Қайырұлының ғұмыры – адам денсаулығын қорғаудың, ел игілігіне қалтқысыз қызмет етудің жарқын шежіресі. Ақ халаттың абыройын биік ұстап, саналы ғұмырын медицинаға арнаған ардагер дәрігердің өмір жолы кейінгі буынға өнеге болып қала бермек.

Осындай ел ағалары, өмірлік тәжірибесі мол ақсақалдар арасында жүргенде ұрпақ сабақтастығы үзілмейді, адамгершілік пен адал еңбекке деген құрмет ешқашан жоғалмайды.

Н.АҚАНОВ,

Абай облыстық ардагерлер кеңесінің денсаулық сақтау комиссиясының мүшесі

ӘЛЕУМЕТ

БАЛАЛАР ДЕМАЛЫСЫ – БАСТЫ НАЗАРДА

Жазғы демалыс – балалардың денсаулығын нығайтып, жаңа оқу жылына сергек әрі тың күшпен оралуна мүмкіндік беретін маңызды кезең. Сондықтан олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сапалы демалыс ұйымдастыру және жан-жақты дамуына жағдай жасау – білім саласының негізгі міндеттерінің бірі.

Осы бағыттағы жұмыстардың жай-күйімен танысу мақсатында облыс әкімінің орынбасары Мейірлан Раханов пен облыстық білім басқармасының басшысы Айжан Құрманова Ұржар ауданындағы «Тарбағатай» оқу-сауықтыру орталығында болды.

Жұмыс сапары барысында жауапты тұлғалар орталықтың материалдық-техникалық базасын аралап, балалардың демалысын ұйымдастыру барысын, қауіпсіздік талаптарының сақталуын, тамақтану сапасы мен медициналық қызмет көрсетудің деңгейін жан-жақты зерделеді. Сонымен қатар демалушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға арналған мәдени-танымдық және спорттық іс-шаралардың өткізілуіне ерекше көңіл бөлінді.

«Тарбағатай» оқу-сауықтыру орталығы бір ауысымда 80 баланы қабылдай алады. Биыл мұнда жеті ауысым ұйымдастырылып, әлеуметтік осал санаттағы 560 баланы сауықтыру жоспарланған. Қазіргі уақытта 480 бала жазғы демалыс және сауықтыру шараларымен қамтылып, жоспардың 86 пайызы орындалған.

Балалардың жайлы әрі қауіпсіз демалуына барлық жағдай жасалған. Соңғы жылдары орталықтың материалдық-техникалық базасы кезең-кезеңімен жаңартылып келеді. Жатын бөлмелер мен асханада ағымдағы жөн-

деу жұмыстары жүргізіліп, өрт қауіпсіздігі талаптарын қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстар толық орындалған. Бұған дейін анықталған барлық ескерткірлер жойылып, демалушылар үшін қолайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастырылған.

Жұмыс сапары барысында Мейірлан Ақылбекұлы балалардың қауіпсіздігі барлық талаптан жоғары тұруы тиіс екенін атап өтіп, жауапты сала мамандарына жазғы сауықтыру науқанының сапалы ұйымдастырылуын тұрақты бақылауда ұстауды тапсырды.

Жалпы Ұржар ауданында балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру жұмыстары жүйелі жүргізілуде. Ауданда 35 мектеп жанындағы лагерь мен қосымша білім беру ұйымының бір лагерьі жұмыс істейді. Биыл жазғы демалыс және сауықтыру шараларымен 5 103 бала қамтылған.

Сонымен қатар білім беру, қосымша білім беру, мәдениет және спорт ұйымдарында балалардың бос уақытын мазмұнды ұйымдастыруға баса мән берілген. Түрлі үйірмелер, шығармашылық және спорт секциялары жұмыс істеп, танымдық кездесулер, мәдени-көпшілік шаралар мен спорттық жарыстар тұрақты өткізіліп келеді. Бұл балалардың шығармашылық қабілетін дамытып қана қоймай, олардың салауатты өмір салтын қалыптастыруына да ықпал етуде.

Балалардың жазғы демалысын сапалы ұйымдастыру – олардың денсаулығын нығайтып, қауіпсіз ортада тәрбиеленуіне жасалған маңызды инвестиция. Осы тұрғыда өңірде жүргізіліп жатқан жұмыстар балалардың алаңсыз демалып, уақытын тиімді өткізуіне және жаңа оқу жылына тың серпінмен келуіне мүмкіндік беріп отыр.

Д.ЖАҚЫП

БІЛІМ



Білім беру саласында еңбек ету – үлкен жауапкершілік пен үздіксіз ізденісті талап ететін абыройлы мамандық. Әсіресе, бала жанының сырын түсініп, оның тұлғалық дамуына бағыт-бағдар беретін педагог-психологтың еңбегі айрықша. Осындай білікті мамандардың бірі – Жаңасемей ауданындағы Бөкенші жалпы орта білім беретін мектебінің педагог-психологі, республикалық «Үздік психолог» байқауының жүлдегері Жадыра Қарсыбекова.

КӘСІБИ МАМАН КӨДЕСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

Ай-Көркем МАҚЫШ,
«Semei tanu»

Педагогика саласында 18 жылдық тәжірибесі бар Жадыра Ермеқызы соңғы 15 жыл бойы педагог-психолог қызметін абыроймен атқарып келеді. Осы уақыт ішінде ол оқушылардың психологиялық әл-ауқатын нығайтуға, олардың тұлғалық қалыптасуы мен әлеуметтік бейімделуіне бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізіп, талай шәкірттің сенімді тірегіне айналды.

Ұстаз аудандық және облыстық деңгейдегі семинарлар мен ғылыми-тәжірибелік конференцияларға тұрақты қатысып, тәжірибесімен бөлісіп, біліктілігін үнемі жетілдіріп келеді. Ізденімпаз маман «Педагогикалық идеялары» байқауының аудандық кезеңінде жеңімпаз атанса, облыстық «Хакатон» байқауында II орын иеленді. Сондай-ақ облыстық психологтар олимпиадасында белсенділігі мен кәсіби шеберлігі үшін Алғыс хатпен марапатталды.

«Үздік психолог» байқауының республикалық кезеңінде Жадыра Ермеқызы қазылар алқасының назарына ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлының «Адамның құлқы түзелмей, өмірдің қалпы түзел-

мейді» деген қанатты сөзіне негізделген жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқының алдын алуға арналған авторлық бағдарламасын ұсынды. Бағдарлама жасөспірімдердің әлеуметтік ортаға бейімделуіне, құқықбұзушылықтың алдын алуға, өмірлік құндылықтарды қалыптастыруға және тұлғалық дамуына бағытталған. Өзектілігі мен тәжірибелік маңыздылығы жоғары бұл еңбек сарапшылар тарапынан жоғары бағаланып, жүлделі III орынға ие болуына негіз болды.

– Республикалық байқау мен үшін үлкен тәжірибе мектебі болды. Еліміздің әр өңірінен келген білікті әріптестермен танысып, тәжірибе алмастым. Әр қатысушының өзіндік жұмыс тәсілі, жаңашыл идеялары мен кәсіби ізденістері ерекше әсер қалдырды. Бұл байқау мені жаңа мақсаттарға жетелеп, өз ісіме деген жауапкершілігімді арттыра түсті, – дейді Жадыра Ермеқызы.

Бүгінде тәжірибелі педагог-психолог мектеп ұжымымен бірлесіп отырып, оқушылардың психологиялық әл-ауқатын жақсарту, ата-аналармен тиімді қарым-қатынас орнату және білім алушылардың қауіпсіз, қолайлы ортада дамуына жағдай жасау бағытындағы жұмыстарын табысты жалғастырып келеді.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Абай облысы Аягөз аудандық сотына арыз беруші Нұржан Әділжанұлы Жұмаштың (тұрғылықты мекенжайы: Абай облысы, Аягөз қаласы, Мамбетов көшесі 39-8 тұрғыны) әкесі 1977 жылы 26 ақпанда Абай облысы, Аягөз қаласында туған, Аягөз ауданында «Шығыс» шаруа қожалығында қызмет атқарған Адилжан Жұмашевич Құлқаевты қайтыс болды деп жариялау туралы арызды бойынша азаматтық іс қаралуда.

Адилжан Жұмашевич Құлқаевтың жүрген жері туралы мәліметтері бар адамдарға жарияланым берілген күннен бастап үш ай мерзімде Абай облысы Аягөз аудандық сотына (Абай облысы, Аягөз қаласы, Абай бұлавар 18/2) бұл туралы хабарлауыңызды сұраймыз.

“Абыралы-Дегелең” қоғамдық қоры Шахантаев Әкімбай Боранбайұлына жұбайы
Әлия МАНАПҚЫЗЫНЫҢ
мезгілсіз дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖАҢА ҚҰРАЛЫ

Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы құқық қорғау органдарының жұмыс тәсілдерін де жаңғыртуда. Осы бағыттағы жұмыстар аясында Абай облысы Полиция департаментінде басшылық құрамға арналған «Жасанды интеллект» тақырыбында практикалық оқыту ұйымдастырылды.

Оқу Республикасы Ішкі істер министрі Ержан Садовентің тапсырмасы негізінде өткізіліп, жасанды интеллект мүмкіндіктерін ішкі істер органдарының жұмыс үдерістеріне енгізуді және қызметкерлердің цифрлық құзыреттерін арттыруды көздеді.

Практикалық сабақ барысында полиция басшылары жасанды интеллект технологияларын мемлекеттік басқару жүйесінде тиімді пайдалану, жұмыс процестерін автоматтандыру, цифрлық шешімдерді әзірлеу және заманауи құралдарды күнделікті қызметте қолдану бағыттары бойынша білімдерін жетілдірді. Сондай-ақ құжаттармен жұмыс істеу, ақпаратты өңдеу мен талдау, қайталанатын қызметтік процестерді оңтайландыру және жасанды интеллект құралдарын жауапты пайдалану мәселелері жан-жақты қарастырылды.

Абай облысы Полиция де-



партаментінің бастығы, полиция полковнигі Эльдар Данияров цифрлық техноло-

– Жасанды интеллект құралдарын тиімді пайдалану қызметкерлердің уақытын үнемдеуге, ақпаратпен жұмыс істеу сапасын арттыруға және қызметтік міндеттерді барынша сапалы орындауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар жаңа технологияларды енгізу барысында ақпараттық қауіпсіздік талаптарын сақтау әрдайым басты назарда болуы тиіс, – деді Эльдар Нұрланұлы.

Мамандардың айтуынша, мұндай оқыту құқық қорғау органдары қызметінің тиімділігін арттыруға, басқару процестерін цифрландыруға және заманауи технологияларды күнделікті жұмысқа енгізуге мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, құқық бұзушылықтардың алдын алу жұмыстарын жетілдіруге, халыққа көрсетілетін қызмет сапасын арттыруға және «Заң мен тәртіп» қағидатын нығайтуға ықпал етеді.

Өз тілшіміз

UW9KM0JJdVJYRytiWHZ2UT09&omn=88476996596

Идентификатор: 232 495 5975

Код: 123

Бастамашы: «Arx Minerals» ЖШС, Алғабас ауылдық округі, Алғабас ауылы, Алғабас көшесі,1, БСН 121140000288. Басшысы – Бектембаев Д. М. e-mail: ecologist@arxminerals.kz, тел.: +7 705 911 77 87.

Құжаттаманы әзірлеуші: «ЭкоWay» ЖШС. Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Ю. Жұравлевта көшесі, 9В үйі, 7-кабинет. Телефон: 8 7142 50 02 93, электрондық пошта: ekoway@mail.ru, БСН 100740013047. Директоры – Яблонский Н. В. 2012 жылғы 26 шілдедегі №01487Р мемлекеттік лицензиясы.

Қоғамдық тыңдаулар материалдарымен ҚОЖ және ТР Ұлттық деректер банкінің (https://ndbecology.gov.kz) сайтында және Абай облысының жергілікті атқарушы органының https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat/activities/28548?lang=ru сайтында танысуға болады.

Жоба бойынша қосымша ақпаратты 87142500293 телефоны немесе 500293@bk.ru электрондық поштасы арқылы алуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстарды «Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ мына мекенжай бойынша қабылдайды: Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қаласы, Тұрлыханов көшесі, 30, e-mail: uprirp.abay@akimatabai.gov.kz

Семей бүгінде жаңа даму кезеңіне қадам басты. Қала көшелері жаңарып, жолдар жөнделіп, көпқабатты тұрғын үйлердің қасбеттері заманауи үлгіде әрленуде. Ауаларда балалар мен спорт алаңдары бой көтеріп, қоғамдық кеңістіктер абаттандырылуда. Ал жаңадан салынып жатқан зәулім ғимараттарды айтпағанда, шаһардың әр бұрышынан жаңару мен өзгерістің лебі анық сезіледі. Мұның бәрі тұрғындарға жайлы әрі қолайлы орта қалыптастыруға бағытталған жүйелі жұмыстың нәтижесі.

100-ГЕ ЖУЫҚ АУЛАШІЛІК ЖОЛ ЖӨНДЕЛЕДІ

Ай-Көркем МАҚЫШ,
«Semei tanu»



Осы жұмыстардың барысымен танысу мақсатында Абай облысының әкімі Берік Уәли Семей қаласындағы бірнеше тұрғын үйдің ауласын аралап, абаттандыру және аулашыл жолдарды жөндеу жобаларының орындалуын көрді.

Аймақ басшысы алдымен қаланың сол жағалауындағы Иртышская көшесінде орналасқан тұрғын үйдің ауласында болды. Мұнда жиек тастар толық жаңартылып, аулашыл жолдарға жаңа асфальт төселген.

Қала әкімдігінің мәліметінше, бүгінгі күні облыс орталығындағы 12 көпқабатты тұрғын үйдің ауласына асфальт төсіліп үлгерген. Бұдан бөлек, тағы 10 аулада жөндеу жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Солардың бірі – Физкультурная көшесі, 9/2 мекенжайындағы тұрғын үй ауласы. Бұл жоба аясында алты көпқабатты тұрғын үйдің аулашыл жолдары толық жаңартылып жатыр.

Облыс әкімі сондай-ақ, Қаржаубайұлы көшесі, 243 мекенжайындағы «Халық қатысатын бюджет» жобасы шеңберінде жаңғыртылып жатқан тұрғын үйдің ауласын көрді. Бұл үйде 600-ге жуық адам тұрады. Мұнда аула аумағын кешенді түрде жаңарту жұмыстары жүргізілуде. Жоба аясында балалар ойын алаңдары, спорт және футбол алаңдары салынған. Жақын күндері пайдалануға беріледі.

Аймақ басшысы шаһар тұрғындарының әл-ауқатын жақсартуға бағытталған инфрақұрылымдық жобалардың маңызын атап өтіп, жауапты басқармалар мен мердігер ұйымдарға жөндеу жұмыстарын уақтылы әрі сапалы аяқтауды тапсырды.

–Халықтың жүріп-тұруына қолайлы болу үшін барлық жағдайды жасап жатырмыз. Көріп тұрғандарыңыздай, ойын алаңдары салынып, аулашыл жолдар жөнделуде. Негізгі көшелерге басымдық беріліп, аулашыл жолдардың көп жылдар бойы назардан тыс қалғаны рас. Биыл осы жұмысты қолға алып жатырмыз. Қазір барлық жұмыстар белгіленген мерзімге сай атқарылуда. Биыл Семейдегі 100-ге жуық аулашыл жолды жөндеуді жоспарлап отырмыз. Бұл бағыттағы жұмыстарды кезең-кезеңімен жалғастыра береміз, – деді Берік Уәли.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

